



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ- ҒҰРПЫ ІЗГІЛІКKE ШАҚЫРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде жиналған қауымды қасиетті Рамазан айымен құттықтап, бұл ай күллі мұсылман қауымы үшін ерекше уақыт екенін, жамағат осы айда ізгі амалдар жасап, мол сауапқа кенелетінін айтты. Сондай-ақ, бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған айтулы оқиғаларға арнайы тоқталды.

— Жалпыұлттық референдум арқылы Конституцияға өзгерістер енгізілді. Еліміз үшін аса маңызды бірнеше саяси науқан өткізілді. Соның ішінде Президент сайлауы және жуырда болған Парламент пен мәслихаттар сайлауы бар. Бір сөзбен айтсақ, қысқа мерзімде өте ауқымды жұмыс атқарылды. Еліміз жана дәуірге қадам басты. Әділетті Қазақстанды құра бастадық. Қазақстан — өз геосаяси аймағында осындай ауқымды реформалар жасап жатқан бірден-бір ел. Жанартылған Конституция және елімізде болып жатқан өзгерістер — осының айқын дәлелі. Біз осы реформаларды, жалпы айтқанда, осы саясатты міндетті түрде жағастырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде жағастыра береді, сыртқы саясатымыз әрдайым дербес болады.

2-бет



БІРЛІКТІ ТУ ЕТКЕН СЫР ЕЛІ: ЖЕТІСТІКKE ЖЕТЕЛЕТІН ЖАҢА БАСТАМАЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда өткен VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға қадам жасалғанын айтты.

«Халықтың көптен күткені осы елі. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезенте тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жанарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті», деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы «Қазақстан — геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел» деп нақтылады.

Президент сөзінің пәрменін ой елегіне салып отырған боларсыз. Бір жылға жетер-жетпес уақытта бес бірдей саяси науқан өткізу, шын мәнінде жұтынып тұрған жаһандану заманында онай емес. Бірақ, қазақ елі бұл күрделі құбылыстың басқы жолын еңсеріп алды. Осы үдеден шығуда Сыр елінің сапта озық көрінуі — ынтымақ пен ауызбірлікті

айқындай түсті. Әсіресе кейінгі өткен Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары сайлауда (67,21 пайыз) облыс халқы белсенділік танытып, республикада озық шықты.

Бір жыл демекші, осы уақыт ішінде өңірдегі өзгерісті ел көріп отыр. Бірден-бір жүргізіліп жатқан реформа біздің аймаққа да тән десек қателеспейміз. Талай тірлікке тыңнан түрен түсті. Президент пен Үкімет деңгейіндегі қолдау ең алдымен жаңа жобаларға серпін берді. Инвестиция тартуда Қызылорда облысы республикада көш бастады.

4,5 - беттер

«ТУҒАН ЖЕР»

СЫРДЫҢ СЫРШЫЛ САЗГЕРІ



Сыр өңірі үшін қазақтың біртуар перзенті, композитор Кеңес Дүйсекеевтің алар орны ерекше. Оның шығармашылық әлеуеті мен туған жерге деген ықыласы сан жүректі жылытып, көптеген жастың арманына жол ашты. Танымал тұлға ән өнерінің ғана емес, бүгін рухани көшті өнегелі жолға бағыттап, жүрек түкпірінен шыққан сазды әуен, сапалы музыка арқылы тыңдарманды қуанта білді. Бүгінде автор шығармалары эстрада төрінде өуелеп, кеңінен насихатталуда. Соның бір жарқын дәлелі — Сыр өңірінде Кеңес Дүйсекеев атындағы I халықаралық «Туған жер» атты әншілер конкурсының өтуі.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Осы айтулы әншілер конкурсының ашылу салтанаты мен доданың I кезеңіне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы қатысып, қала қонақтары мен байқау үміткерлеріне ажарма тілегін жеткізді. Аймақ басшысы Сыр жұртшылығы үшін аталған сайыстың маңызын айта келе, байқаудың жалғасын табатынына сенім білдірді.

— Тарихы терең, топырағы кенен киелі Сыр жері — ұлттың бағына туған, талай дарынды тербеткен өскелең өңір. Оның бірі әрі бірегейі, талантты композитор,

өнер қайраткері, біртуар азамат — Кеңес Дүйсекеев. Ағамыздың қалың елдің ыстық ықыласына бөленген «Қарақөз-айым», «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел!», «Өкінбе сен» және басқа да әндерін Роза Рымбаева, Нағима Ескалиева, Мақпал Жүнісова, Ақжол Мейірбеков, Жұбаншыл Жексенұлы секілді казак эстрадасының майталмандары орындап, бұл әндер қазақ жастарының отаншыл рухын көзетерін, эстетикалық талғамын байытатын дүниелерге айналды. Композитордың әндері бүгінде

казак арасында ғана емес, шет елдерде де шырылалып жүр. Бұл — Дүйсекеевтің дара әндерінің музыка ұлт таңдамайды деген қағидаға сай аксиомасы, күллі адамзатқа ортақ колориті деп білеміз. Талантты азаматтың құрметіне арналған Сыр еліндегі «Туған жер» атты I халықаралық әншілер конкурсы осының айқын дәлелі. Бұған дейін республикалық деңгейде өткізіліп келген айтулы конкурс биыл тұңғыш рет халықаралық сипатқа ие болды.

Өнерге құрмет мәңгілік болуы тиіс! Кеңес ағаны халық есінде мәңгі қалдыру үшін Қызылорда облыстық филармониясына композитордың есімі берілетін болады. Бұл — барша жерлестеріміздің құрметі мен сыйы! Қадірлі өнер жанашырлары! Еліміздің өнері асқақтай берсін! Байқауға қатысушыларға Кеңес ағаның рухы дем берсін. Жеміс жолында шын жүйріктер озын, — деді облыс әкімі.

Онан соң, облыс әкімі Кеңес ағаның жары Баян апайды сахна

төріне шығарып, қазақтың қонақжай дәстүрімен жөн-жоралғысын жасады. Құрмет көрсетті. Әрі қарай кеш ән шеруге ұласты.

Қызылордада халықаралық деңгейде тұсауы кесілген байқау автор шығармаларын халықаралық деңгейде насихаттауға басымдық бермек. Сонымен қатар, мұнда композитор шығармалары арқылы жас әншілерге бағыт беріп, таланттарға қолдау білдіруге қол жеткізу көзделген. Конкурста Қазақстанның барлық өңірінен және Болгария, Польша, Армения, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінен 28 талапкер қатысуда.

Ән сайысына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Рамазан Тайманов төрағалық етсе, литвалық белгілі продюсер Бируте Петрике, болгариялық эстетика докторы Николай Текелиев, Қазақстанның халық артисі Нағима Ескалиева қазылық жасайды. Оған қоса қазылар құрамында композитор Бейбіт Орал-

ұлы, халықаралық конкурстар мен фестивальдар ассоциациясының мүшесі Қарлығаш Әбдікәрімова және Кеңес Дүйсекеевтің ұлы Нұркен Дүйсекеев бой көрсетпек.

Халықаралық шара баспасөз конференциясынан бастау алды. Ұйымдастырушылар конкурстың ереже-талаптарын тарқатып, әншілер байқау ерекшелігіне тоқталды. Әсіресе, шетелдік қонақтар К.Дүйсекеевтің әндері тек Қазақстанда емес, шетелде де сұранысқа ие екенін тілге тиек етті. Бір айта кетерлігі, қатысушылардың арасында сазгердің бұған дейінгі республикалық деңгейде өткен байқауларында топ жарған 3-4 жүлдегер бар.

— Байқауға жүзден жүйрік шыққан талантты ұл-қыздарды жинадық. Іріктеуден өткізу қиынға соқты. Негізі қатысушыларды Қазақстан мен шетелден теңдей қылып алу керек еді. Алайда сазгердің өленін әнші қалай айтады, соған да мән бердік. Өйткені Кеңестің әндері өте күрделі. Ал киелі сахнаға шыққан өнерпаз тілі келмей, әдемі әннің шырайын кетірсе, одан не ұтамыз? Көрермен қандай күйде болады? Осының бәрін ескеріп, басымдықты қазақ жастарына бердік әрі бұрын Кеңестің байқауларына қатысып, жүлделі орын алып жүрген талантты әншілердің бетін қалқанды келмеді. Енді шын мықтыны ертең анықтаймыз, — деді Қарлығаш Әбдікәрімова.

Айтпақшы, аталған байқауды сазгер 2020 жылы өткізуді жоспарлаған. Бұл туралы композитор Бейбіт Оралұлы өзі әңгімелеп берді. Оның айтуынша, халықаралық деңгейде өткізілетін ән байқауы пандемияға байланысты тоқтап қалған.

2-бет

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРҰПЫ ІЗГІЛІКKE ШАҚЫРАДЫ

Біз мұның бәріне мызғымас бірліктің арқасында қол жеткізіп отырмыз.

— Халқымыз «Ырыс алды — ынтымақ» деп бекер айтпаған. Қоғамда бейбітшілік пен келісім болса ғана, еліміз табысқа жетеді. Алға қойған игі мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Ал елден ынтымақ кетсе, мемлекетте даму болмайды, жұрттың болашаққа деген сенімі де азаяды. Сондықтан елдің бірлігі мен ынтымағын сақтау — негізгі міндетіміздің бірі. Бұл баршамыз жұмылып атқаратын жұмыс болуы керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысы халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу қажет екеніне назар аударды.

— Қазақтың әдет-ғұрпы әрдайым ізгілікке шақырады. Әрбір салттың терең тәрбиелік мәні бар. Мысалы, ақсақалдарымыз жастарға батасын береді.

Жастарымыз үлкеннің алдын кесіп өтпейді, құрметін көрсетеді, ешкімнің ала жібін аттамайды. Халқымыз қашанда қыз баланы сыйлап, қадірлеген. Мұның бәрі дәстүрлі ислам құндылықтарымен тығыз үндеседі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент өз сөзінде ұлттық мәдениетімізді дамыту маңызды екеніне тоқталды.

— Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл — мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрұптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі — ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеден емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы, ұлт мәдениеті — халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты, — деді Мемлекет басшысы.

Президент қазіргі жаһандық ауылға алаңдайтынның білдіріп, қоғамда мейірімділік, жана-шырлық, қамқорлық сияқты қасиеттер жетіспей жатқанына назар аударды. Оның айтуынша, адамзат үшін өте қауіпті бұл үрдісті тоқтатуға бәріміз күш салуымыз керек. Ол үшін осы асыл қасиеттерді әрқайсымыз жүрегімізде сақтап, оны күнделікті іс-әрекетпен, көркем мінезбен көрсеткен абзал.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында барша Қазақстан халқына амандық, бақ-береке тіледі.

«Ақорда» резиденциясында Мемлекет басшысының атынан берілген ауызашарға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, дәрігерлер, мұғалімдер, этноәдеби бірлестіктердің өкілдері, дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, мәдениет қайраткерлері, құтқарушылар, еңбек адамдары қатысты.

1-бет

ПРЕЗИДЕНТ АТЫНАН АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың атынан Сыр жұртшылығына ауызашар берілді.

Ауызашар шарасына облыстың зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, аймақтың барлық ауданынан сала ардагерлері, еңбек адамдары қатысты.

Өңір басшысы Н.Нәлібаев жұртшылықты Рамазан айымен құттықтап, бірлік пен береке, мейірім мен ізгілік, қанағат пен сабыр салтанат құратын қасиетті уақытта жасаған қайырым, дұға-тілектерінің қабыл болуына өз тілегін білдірді.

ЖАНАРМАЙ ТАПШЫЛЫҒЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облысты жанар-жағармаймен қамтамасыз ету туралы мәжіліс өтті. Жиынға облыстық басқарма, аумақтық департаменттер мен құқық қорғау органдары басшылары, онлайн режимде қала, аудан әкімдері қатысты.

Аймақ басшысы Қазақстан мен көрші елдер арасындағы баға айырмасын төмендету үшін 12 сәуірден бастап жанар-жағармай бағасының көтерілуі жоспарланғанын атап өтті. ҚР Энергетика министрлігі таратқан хабарға қарағанда, литрі 182-187 тенгеден саудаланған АИ-92 және АИ-95 маркалы бензинінің бағасы 205 тенгеге дейін, 230 тенгеден сатылған дизель отынының бағасы 295 тенгеге дейін көтерілуі болжануда.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Камбарбек Мұбарбаков жанар-жағармай бекеттерінің жұмысы мен ондағы қор туралы баяндады. Қазіргі таңда өңірде 32 күнге жететін АИ-92

маркалы бензині және 15 күнге жететін дизель отыны қоры бар.

Жауапты мекемелерге жанар-жағармай тапшылығының алдын алуы, оны сыртқа тасымалдап сатуды болдырмау үшін тұрақты мониторинг жасау, бензин мен дизельдің еркін босатылуын қамтамасыз ету тапсырылды.

— Компаниялар арасында бағаны арнайылап көтеру келісіміне жол берілмеуі керек. Бағаның жоспарлы өскеніне қарамастан, кәсіпкерлік субъектілері жанар-жағармайды белгіленген баға бойынша уақытты өткізуге міндетті. Монополияға қарсы заңдылықтар бүгіннен бастап түсіндірілуі тиіс. Мұндай жағдай

орын алса, жауапкершілігі сұралатынын ескерту қажет. Көктемгі егін егу науқаны басталатын, тіршілік атаулыға жан бітетін кезде жұмыстың барлығы айналып келгенде жанар-жағармайға тіреледі. Сондықтан қолдан дефицит жасамауымыз керек, — деп ескертті Нұрлыбек Машбекулы.

Жиын барысында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына көктемгі егін жұмыстарына дайындық барысында шаруашылықтармен кері байланыс орнатып, орын алуы ықтимал мәселелерді желел түрде шешу жүктелді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың жетекшілігімен арнайы штаб құрылады. Штаб құрамында бәсекелестікті қорғау және дамыту департаменті, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп жанар-жағармай бағасы мен қажетті қорына күнделікті бақылау жасайды.



ШАВКАТ РАХМОНОВ ҚЫЗЫЛОРДАДА

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аралас жекпе-жекте UFC турнирінде өнер көрсеткен Шавкат Рахмоновпен кездесті.

Данқты спортшы Лас-Вегас қаласында өткен турнирде жеңіске жеткен еді. Аймақ басшысы спортшыға алдағы уақытта да биік тұғырдан көрініп, еліміздің абыройын асқатата беруіне тілектестік білдірді. Спортшылардың

жеңіске ұмтылысы, жетістік жолындағы табандылығы өскелең ұрпаққа сенім мен жігер сыйлайтынын айтты.

Өз кезегінде, жеңіліп көрмеген чемпион қонақжай Сыреліне келгеніне қуанышты екенін жеткізіп, ризашылығын білдірді. Кездесуден кейін Шавкат Рахмонов «Еуразия» және «Мұз айдыны» спорт кешендерінде спортшылар, жанкүйерлер қауымымен кездесіп, сұхбаттасы және естелік суретке түсті.

СЫРДЫҢ СЫРШЫЛ САЗГЕРІ

Ал келер жылы іске асырғалы жүрген жоспар қазақ елінің қабырғасын қайыстырған қайғылы жайтпен біткен еді. Енді Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен қайта жүзеге асты.

Орайы келгенде айта кеткен жөн болар, Сырдан шыққан дарын иесі саналы ғұмырын сазгерлікке арнап, 1980 жылдары қазақтың өнер әлеміне жана леп әкелді. Ал содан бері түрлі аспаптар мен симфониялық концерттерге, камералық оркестрге, белгілі кинофильмдер мен театр қойылымдарына саз жазды. Бұл аз десеніз, Кеңес аға романс, соната, мюзикл, оперетта, рап-содия, вариациялардың және 200-ден астам әннің авторы. Көрнекті композитордың мәдениет саласындағы осынау еселі еңбегі біреуіне бағаланып, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері атанды. Бүгінгі байқаудың халықаралық деңгейде өтуінің астарында міне осындай еңбек жатыр. Алыстан ат терлетіп келген өнер иелері бұл пікірмізді үстелі түсті.

— «Туған жер» атты халықаралық әншілер байқауы есті әндерді қайта жандандырып, ән әлеміне жана есімдердің келуіне жол ашады деп сенемін. Себебі бұған дейін Кеңес Дүйсекев атындағы өңірлік, республикалық байқауларда танылған таланттар қазіргі таңда эстрада төрінде танылмай. Бүгінгі өн додасында да талай жастың сәтті өнер көрсететініне үміт мол, — деді Қазақстанның халық артыс Нағима Ескалиева.

Айта кетейік, конкурс ережесі бойынша бірінші кезеңде талапкерлер композитордың әнін орындайды. Екінші кезеңде Қазақстаннан қатысатын үміткерлер халық әндері немесе Қазақстан композиторларының әндерінен орындаса, шетелдік талапкерлер өз елінің әнін шырақтайды. Екі күнге созылатын өнер бәйгесі өнерпаздардың қатысуымен гала-концертке ұласады.

Сыр топырағынан шыққан өнер иесі Кеңес Дүйсекевтің мұрасы мәңгі халық жалында. Оның эстрадаға әкелген эстетикалық талғамы, таным биігі бірнеше буынның тағылымды тәлім алуына мүмкіндік сыйлады. Көптеген жастың сахнаға аяқ басуына да таланттың қосқан үлесі зор. Сондықтан бұл байқау Қызылорда жұртының ғана емес, қазақ елінің мерейлі сәті десек, артық емес.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ

САЯСИ РЕФОРМАЛАР — САН СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ

Елімізде реформа тек саясатта ғана емес, барлық бағытта жүріп жатыр. Мемлекет басшысының өткен жылғы Жолдауында 5 бағыт белгіленген болатын.

Еліміздің жана экономикалық саясатына халықтың берген бағасы тарихи сипатта болуы керек. Осы жерде бір сұрақ туындайды: тарихи саяси экономиямен қалай танысуға болады? Саяси экономияның көптеген мектебі бар және біз олардың тұжырымдарына жүгінеміз. Негізгі сұрақ — жана экономикалық саясатты жүргізу барысында туындайтын нормативтік мәселелерді қалай қабылдайтынмен байланысты. Мәселен, «Әлеуметтік әділеттілік» секілді басқа да ұғымдар — тек қоғамда ғана емес, ғалымдар арасындағы даулы мәселе. Дегенмен кез келген реформалық мәселені жүзеге асыру мен түсіндіруде қоғам мен билік арасында позитивті әрекет болғаны дұрыс.

Нақты секторды дамыту Қазақстан аймақтары экономикасының салалық деңгейде инвестициялау мүмкіндіктерін ілгерілету қажеттілігіне байланысты өзекті. Бұл реформа бағытында қоршаған ортаға теріс әсерді ескере отырып, инвестициялық процестердің дамытушылық сипатын салалық деңгейде күрделі салымдар көлемін жоғарылата отырып өркендету қажет. Өйткені, қаржылық даму мен нақты сектордың өнімі арасындағы өзара тәуелділік экономикалық өсімге ықпал жасайды.

Баяу әрі тұрақты әрекеттер жетістіктерге әкеледі. Халықтың әл-ауқатын қорғаудың ұлттық жүйесін жан-жақты нығайту бір күндік жұмыс емес. Ол үшін уақыт, қайсарлық және ынтымақтастық қажет. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестицияны қалыптастыру күрделі міндет болғандықтан, процедуралар мен стандарттарды әзірлеуді, бүкіл ел көлемінде жұмысшы тобын жинау және жұмыстарын үйлестіруді, алдыңғы қатарда жұмыс істейтін қызметкерлер мен еріктілерді оқытуды талап етеді.

Әкімшілік құрылымдарды ұйымдастыру өте күрделі, бірақ мұны нашар жұмыстың себебі деп қарауға болмайды. Жана экономикалық және әлеуметтік күштер мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғыртуға қатысуы керек. Өз кезегінде мемлекеттік басқару құрылымдары кез келген өзгерістерге төтеп беру үшін жана шарттарға бейімделгенін дұрыс көреміз. Әрине, жаңғырту күштері ерқашан әдеттер мен мүдделердің күштеріне қарсы тұруға мәжбүр болады. Дегенмен, елге экономиканы түбегейлі реформалау қажет болғандықтан, әкімшілік құрылымдарын ұйымдастыру тоқтап қалмауы тиіс.

Зан және тәртіп — мемлекеттегі реформаны жүзеге асырудың кезекті қажеттілігі. Институционалдық экономикалық көзқарасқа сүйенетін ғалымдар жекеменшік құқықтарын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін экономикалық институттар мен саясат тікелей инвестициялардың жоғары деңгейін тартуға маңызды рөл атқарады деп санайды. Зан үстемдігін қамтамасыз ететін, сауда еркіндігін кеңейтетін және инвестициялау мен бизнесті жүргізудегі реттеуші кедергілерді азайтатын институттары бар елдерде ғана тікелей инвестициялар өседі. Демократияны нығайту, экономиканы ырықтандыру, адамдар мен инфрақұрылымға инвестиция салу және зан үстемдігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жылдам әрекеттер кез келген елді нығайтады.

Мемлекет басшысы жақында VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде елде жүргізіліп жатқан реформалардың маңыздылығына тағы тоқталды. Бұл тұста Президент 8 мәселеге ерекше мән берді.

Сауда кедергілерін жою және сауданы ырықтандыру арқылы іскерлік белсенділікті ынталандыру жаһандық экономика саласының кенесіне әкеледі. Негізінен сауданы ырықтандыру астана, еңбек және жаһандану арасындағы тығыз байланыстың құрылуына ықпал жасайды. Сонымен қатар, қазіргі Қазақстан мысалында білім экономикасы шарттарындағы төртінші индустрияның қалыптасуы мен дамуының алғышарттарын анықтау және талдау міндеті тұрған секілді. «Индустрия 4.0» аясындағы іскерлік белсенділікті ынталандыру үшін жана индустриялық революция алаңы — білім экономикасын дамыту қажет.

Азық-түлік өнімдеріне өсіп келе жатқан сұранысты өндірістік

әлеуетті барынша арттыру арқылы қанағаттандыруға болады. Өндірістік әлеуетті барынша арттырудың өсіп келе жатқан қажеттілігі экономиканы дамытудың тиімді жолдарын анықтай алатын құралдарды әзірлеудің маңыздылығын көрсетіп отыр. Бұл кезеңде туындауы ықтимал мәселе жасалатын болжамдардың қателігімен сипатталады.

Инфрақұрылымды дамыту экономикалық өсімнің негізгі драйверлерінің бірі және халықтың сапалы инфрақұрылымға үнемі өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыру үшін елеулі инвестицияларды талап етеді. Бүгінде сыртқы көздерден қаржыландыруды тарту үшін экономикалық тиімділікпен қатар әлеуметтік факторларды ескере отырып инфрақұрылым нысандарын салу мен пайдалануға жаңа тәсілдер қажет. Бұл тұста инфрақұрылымды дамытудағы ең маңыздысы көшбасшыларды өзгерту және инфрақұрылымның дамуына әсер ететін әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік-саяси реформаларды қайта қарау саналады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету кешенді тәсілді қажет етеді. Бұл — тұтынушылар денсаулығы, азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту және халықаралық сауданы жеңілдетуге қатысты өршіп келе жатқан сауал. Тамақтанудың жеткіліктілігі немесе жеткіліксіздігі азық-түлік қауіпсіздігін тығыз байланысты. Сонымен қатар, бұл халық арасында теңсіздік туындау қаупі бар екенін де ескеру қажет.

Мемлекеттік тиімді шығындар халықтың өмір сүруін қамтамасыз етуде және адам капиталының сапасын арттыру мен экономикалық дамуына әсер етуде маңызды рөл атқарады. Цифрлық экономиканы құру шеңберінде адами капиталдың сапасын арттырудың негізгі қамтамасыздығы интелектуалды жүйелерді құру, енгізу және кеңінен қолдану болып саналады. Интелектуалды талдау және модельдеу, шешімдерді қолдау жүйелері, географиялық ақпараттық жүйелерінде жасанды интеллект әдістері шешуші рөл атқара береді. Сонымен қатар, заманауи ақпараттық, коммуникациялық және цифрлық технологияларды жоғары білім беру процесінде пайдалану адами капиталдың сапасын арттырудың негізгі бола алады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарды қолдау үкіметтің басты міндеттерінің бірі болуы керектігін, бұл ретте отбасыларға көмек көрсету, бала күтімі бойынша субсидиялар және аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету керектігін атап өтті. Бұл әрекет еліміздегі әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасына сәйкес келетін кезекті реформа болмақ.

Адам құқықтары — әмбебап түсінік. Ол барлық қоғам мүшелеріне және түрлі халықаралық қауымдастықтарға мүшелігіне қарамастан барлық елдерде қолданылады. Жалпы, құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудың көлемі мен тиімділігі бірқатар факторларға байланысты. Оның ішінде ең бастысы қоғамның даму деңгейінен көрінеді. Адам құқықтары тұрақты даму барысында қоғамдық қатынастардың динамикасын және азаматтардың құқықтық санасының өсуін көрсетеді. Сонымен қатар, адам құқықтары дәлелденбеген қағида және әлеуметтік символ емес. Адам құқықтарын абсолюттеу, шынайы өмір мен парасатты адамнан бөлуге болмайды.

Басқару органдарының тиімді қызметін толық қамтамасыз ету үшін басқарудың тәжірибелік тәсілдерінің негізін құрайтын мәліметтер мен стандарттарды үнемі жаңартып отыру қажет. Заманауи мемлекеттік басқаруда туындайтын мәселелердің үнемі өзгеріп отыруы биліктен шұғыл әрекет етуді талап етеді. Қазіргі таңда мемлекеттер мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін деректерді басқаруға көбірек көңіл бөледі және бұл алдағы уақытта барлық елдердегі стратегиялық маңызды қызмет саласы болады. Сондықтан мемлекеттік басқарудың тиімділігі стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеруге ықпал жасайды.

Еліміздегі реформалар жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Оның тиімді жүзеге асуы тек билікке байланысты ғана емес, азаматтардың саяси санасы мен қатысуына да байланысты.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдар кандидаты,
қауымдастырылған профессор

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	А.Т.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Есмаханов Алмасбек Әбілкасымұлы	Басқарма басшысы	Сәрсенбі 16.00-18.00.	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1	60-53-19
2	Камбаров Артур Раушанбекұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сейсенбі 16.00-18.00.		60-53-27
3	Ибраев Уәлихан Серікұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Бейсенбі 16.00-18.00.		60-53-17

ҚАБЫЛДАУ

Қолдау да, қорғау да бар

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдап, оларды толғандырған мәселелерді, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Бұл жолы жеке қабылдауға 15 адам келді.

Мұнда көтерілген мәселе – тұрғын үй алу, жұмысқа орналасу және отбасы мүшелерінің емдомына қаржылай көмек көрсету.

Облыс әкімі азаматтардың айтқан мәселелері жігі зерттеле-

тінін, шешімі заң талаптарына сәйкес қарастырылатынын жеткізді. Кейбір сұрақтар бойынша жауапты тұлғалар заң аясында түсіндірме беріп, шешу жолдарын ұсынды.

Мәселен, осы жолы бір топ қала тұрғыны Қызылордада инклюзивті театр ашу жобасына қолдау сұрады. Аймақ басшысы бұл жобаны қолдап, облыстық мәдениет және спорт басқармасына тиісті ұсыныс әзірлеуді тапсырды.

Мұнан бөлек, қабылдауда ДЦП диагнозы қойылған баласын Талсуаттағы оңалту орталығына ем алу үшін орналастыруды сұраған ананың, тұрақты жұмыспен кам-

туды сұраған 40 жастағы қала тұрғынының мәселелері шешімін тапты. Осы уақытқа дейін облыс әкімі 30 жеке қабылдау өткізіп, 600-ден астам тұрғынның өзекті мәселесіне ден қойды.

Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

ТАҒЫМ

Жауынгерлер ел жадында



«Тағзым» алаңында бұдан 28 жыл бұрын тәжік-ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді еске алу шарасы өтті.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Іс-шарада облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ел тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігін күзеткен жауынгерлердің рухын оятуда мұндай іс-шаралар

зор маңызға ие екенін айтып, ардагерлерге ізгі лебізін білдірді.

– Бүгін тәжік-Ауған шекарасындағы соғыстың аяқталғанына 28 жыл толып отыр. Оған Сыр

өңірінен 400-ге жуық сарбаз аттанып, оның үшеуі қаза болған, төрт сарбаз жаракаттанған. Отан алдындағы борышын адал атқарып, жанқиярлық ерлік көрсеткен жауынгерлердің алдында бас иіп, тағзым етеміз. Тәжік-ауған соғысы ардагерлерін қадірлеп-құрметтеуді біз өзіміздің борышымыз деп білеміз. Кеудесін оққа тосқан жауынгерлердің ерен ерлігі қанша уақыт өткеніне қарамастан ел

есінде, ұрпақ жадында сақталады, – деді ол.

Сондай-ақ тәжік-ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарға және әскери қатығыстарға қатысушы ардагерлер одағы облыстық филиалының төрағасы Марат Орынбайұлы шейіт болған 17 жауынгерді еске алып, олардың қайтып кайсарлығын, өшпес ерлігін баян етті.

Қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтары қойылды. «Нұр» мешітінің наиб имамы Н.Нәби олардың рухына Құран бағыштады.

Айта кетейік, 1995 жылы 7 сәуірде Тәжікстан Республикасының Пшихавр тау шаткалында жауынгерлер содырлардың қарулы шабуылына тап болды. Күші басым қарсыласпен төрт сағатқа созылған ұрыс барысында жауынгерлер әскери антқа адал болды. Бұл шайқаста 17 адам ерлікпен қаза тапты, 30-дан астамы жараланды.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің Қаулысына сәйкес, 1993-1999 жылдары бұрынғы ішкі әскердің, бүгінгі Ұлттық ұланның жедел мақсаттағы әскери бөлімдерінің 2 мыңнан аса офицері мен сарбазы Тәуелсіз мемлекеттер достастығының бірлескен батальонында сыртқы шекараларды қорғау үшін тәжік-ауған шебінде бітімгершілік міндет атқарған болатын.

ТАЛҚЫ

Облыстық дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы облыстық ардагерлер кеңесімен бірлесіп, «Ардагерлер – ұлттың темірқазығы, салт-дәстүрдің қамқоршысы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Құндылықтар дәріптелді

Жиында басқарма басшысы Бауыржан Хамзаев басқосуға арқау болып отырған тақырып салт-дәстүрміздің елділігін тыныштығы мен тұрақтылығын, берекесі мен бірлігін қалыптастыруға ықпалы зор екенін атап өтті. Осы орайда жастарды ата-бабамыздан жеткен тәлім-тәрбиеге баулып, әдет-ғұрыпты бойына сіңіруде ардагерлердің айрықша қолдауы қажеттігіне тоқталды.

Жиын барысында күнделікті тіршілік қалыбымен асасып кеткен діни шарттар мен салт-дәстүрлердің шығу тарихы және түпкі мағынасы жайлы айтылды. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей, байыптан қарасақ, әрбір салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымның астарында салмақты бір себеп-салдар бар болып шығады. Осы тұрғыда қазыналы қариялар, білікті сала мамандары салт-дәстүрдің озығы мен тозығын саралап түсіндірді. Айта кетейік, «тозығы» дейтіміз – бүгінгі өркениет дәуірінде өз-өзінен қолданыстан шығып қалған әдет-ғұрыптар.

Облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шаменовтің осы тақырып аясында жасаған баяндамасы өте мазмұнды болды. Онда қазақтың жеті атасын жаттап, сол арқылы жеке-жеке заңдылығын сактайтыны, ал оның ар жағында адам бойындағы тектің, қанның тазалығы сынды өте үлкен мәселе жатқаны айтылды. Қазақ отбасындағы қарияларға деген құрметтің жоғары екені, яғни, баланың ата-ана алдындағы парызы туралы сөз қозғалып, сондай-ақ, ата-әженің тәлім-тәрбиесін алған баланың иманды, ізетті, кішіпейіл болып өсетіні де көпшілік құптады.

«Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Болатбек Ұласқанұлы шариғат ұғымына сай тағалымды әңгімесін айта келіп, адам баласы ата-ананың разылығын алмай, Алланың рахымына бөлену мүмкін емес деген аталы сөзді алға тартты. Сөзін қорытындылай келіп, халқымыздың қандай бір салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы болсын, мәдениеттің мәйегіне тұнып тұрғанын атап өтті. «Сыр дидары» газетінің редакторы Сәкен Алдашбаев әдет-ғұрып, ырым-тыйымға қатысты ой-пікірін бөлісті.

Жиынға қатысқан ардагерлер атынан Жақай Бодықбаев, Нұрлыбай Ұлықпанұлы, Жүзбай Таңырықбаев сөз сөйлеп, алдағы атқарылатын жұмыстарға байланысты ақыл-кеңестерін қосты.

ТӘРБИЕ ТІНІ



Бала тәртібін бақылау әлсіресе...

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөнінде облыстық білім басқармасының бірлескен мәжілісі өтті.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Мәжіліске облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет және қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Боданов қатысты.

Күн тәртібінде көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар, суицид, ерте жүктілік, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстары мен құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері қаралды.

Облыстық білім басқармасының басшысы №217 ІТ мектеп-лицейіндегі жасөспірімдер арасында орын алған жағдайға байланысты мектеп басшыларына қатаң ескерту берді.

– Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын жандандыру қажет. Мұның барлығы мектеп басшысына және жауапты мамандарға байланысты. Осы орайда құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды анықтап, олармен жұмысты күшейту керек. Мектеп қабырғасында жасалған құқықбұзушылық оқушылардың болашағына кері әсер етеді. Сол себепті олардың әрбір іс-әрекетіне баса мән беру қажет, – деді ол.

Жергілікті полиция қызметі басқармасы

ювеналды полиция бөлімшесінің бастығы Ғ.Нағыметов білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік пен құқық бұзушылықтың алдын алу, денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары М.Мирзанова көмелетке толмағандар арасындағы суицид пен ерте жүктілік мәселесі туралы баяндама жасады.

Ал қалалық білім бөлімінің басшысы Е.Боданов жасөспірімдердің құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарды баяндап, болған оқиғаға байланысты пікір білдірді.

– Облыстық білім басқармасы мен қалалық білім бөлімі жұмысшы тобын құрып, оқиғаның мән-жайын анықтады. Белгілі болғандай 11 сынып оқушысы мектепке ешқандай суық қару алып келмеген. Үшінші сабақтан кейінгі үзіліс кезінде балалар сыртқа шығып жанжалдасып қалған. Жасөспірім темір тектес үшкір затпен сыныптарына жетіп қалған қаракатын салған. Тиісті сараптамалар тағайындалды. Күдікті жасөспірім қалалық полиция бөліміне жеткізіліп, ата-анасына тапсырылды, – деді ол.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов білім беру ұйымдарына әкелуге тыйым салынған және пайдалануы шектелген заттар туралы министрлік бұйрығының орындалуын қатаң сақтау қажеттігін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, №217 ІТ мектеп-лицейіндегі оқиғаға байланысты әкімшілік бақылауды әлсіреткені, өз міндеттерін орындамағаны үшін қалалық білім бөлімінің, аталған мектептің басшыларына, жауапты қызметкерлерге қатаң шара көруді тапсырды.

ӨРКЕН

Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентіндегі бірқатар құрылыс нысандарын аралап шықты. Алдымен 5 квартал аймағындағы 210 гектар жердегі инфрақұрылым жобаларымен танысты. Бұл маңдағы тұрғын үйлерді төмен қысымды газ және электр желісімен жабдықтау жұмыстары биыл аяқталмақшы. Жоба бойынша 137 тұрғын үй электр желісімен, 450-ге жуық тұрғын үй газбен қамтылады. Аталған жұмыстарды «Ремстрой» ЖШС жүргізіп жатыр.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Құрылыстың кең өрісі

Мұнан соң аудан басшысы Достық көшесінде салынып жатқан 250 орындық мектептің құрылыс алаңына барды. Мектеп ғимаратының құрылысы аяқталуға жақын. Жана оқу жылында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

«Водокачка» елді мекеніне барар жолда және Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында жана арналық үйлер орналасатын жер де назардан тыс қалмады. Нақты кезеңде Қазалы ауданы бойынша тұрғын үйге мұқтаж 1879 азамат кезекке тіркелген. Соның ішінде халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тұрғынжай сатып алуға жоба әзірленіп, республикалық бюджет қаржысы есебінен қаржыландыруға ұсынылды.

Әлеуеті дамыған елдердің «байығын келсе, жол сал» деген ұстанымы бекер емес. Биыл аудан орталығы Әйтеке би кентіндегі 37 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Аудан әкімі 5 квартал аймағындағы қиыршық тас төселетін көшелерді, Т.Әубәкіров көшесіне асфальт төсеу жұмыстарын бақылады.


Т.Әубәкіров көшесін орташа жөндеуге биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 32,4 млн теңге бөлінген. Қазіргі таңда «Нұрас и К» ЖШС негізгі қабатын тегістеп жатыр.

Сондай-ақ, Ғ.Мұратбаев ауылына кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары басталды. Бұл үшін «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бағдарламасы аясында 131,1 млн теңге бөлінген.

Аудандық маңызды жолдарды жөндеу жұмыстарын қолға алған мердігер компания сапаның бекітілген стандартқа сай болуын қадағалауы тиіс. Бүгінде «Строй-модуль Астана» ЖШС жолдың бұзылған учаскелерін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде.

Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бүгінгі күннің өзекті мәселенің бірі. Бұл бағытта Қазалы ауданында атқарылған істер баршылық. Көктемнің әр күнін жылға азық санайтын дала еңбеккерлері шуақты сәтті қалт жібермеуге тырысуда. Ауыл арасындағы қарбалас қимыл соны аңғартады. Аудан әкімі егістікті аралап, Бекарыстан би ауылындағы «Сақыйбай» каналын механикалық тазалау жұмыстарымен танысты. Бұл егістік және жайылымдық жерлерді ағын сумен қамтамасыз ету үшін тиімді. Сонымен қатар, Майдакөл ауылдық округіндегі жайылымдық және шабындық жерлерді ағын сумен қамтамасыз етіп отырған «Қараарық» каналында болып, мұндағы ағайынның жұмысына сәттілік тіледі. Келесі нысан – «РЗА-Агро» ЖШС-ның егістігінде 600 гектар ескі жонышқа тырмаланып, 120 гектар жана жонышқа егілген.

Бұл аудан көлемінде атқарылып жатқан көктемгі дала жұмыстары күн тәртібінен түспей, бақылауда болатынын көрсетеді.



БІРЛІКТІ ТУ ЕТКЕН СЫР ЕЛІ: ЖЕТИСТІКKE



ТҰРҒЫН ҮЙ – ҚУАНЫШТЫ КӨҢІЛ-КҮЙ

Тұрғын үй құрылысы бойынша Қызылорда өнімді жұмыс бар. Әсіресе, баспанасы апатты деп танылған тұрғындарға 60 пәтерлі жана арендалық, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 50 пәтерлі көпқабатты үйдің берілуі қамқорланған жандардың көңілін бір көтеріп тастады. Екіншіден, өңірде арнайы қабылданған «Сыр жастары» бағдарламасы талай жастың үмітін үкілеп отыр. Осы бағдарлама аясында алғаш рет 130-дан астам жас отбасыға жеңілдетілген ипотекалық несиесі беру үшін жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге, «Отбасы» банкі арқылы 500 млн теңге, барлығы 1,7 млрд теңге қаражат қарастырылған.

Жалпы, өткен жылы мемлекеттік бюджет есебінен тұрғын үй құрылысына 9,1 млрд теңге қаржы бөлінді. Оған 32 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілсе, 12-сі пайдалануға берілген. Биыл 23 тұрғын үй, барлығы 982 пәтер табысталады болады. Мұнан бөлек, 1000 пәтер сатып алуға республикалық бюджеттен 9,6 млрд теңге қаржы бөлінді.

Сондай-ақ, өткен жылы аймақта 6 ауыл халқы «көгілдір отынға» қол жеткізсе, биыл 10 ауылға беріліп, об-

жолдың заманға сай қайта жаңғыртылуын ұзақ күтті. Күтіп қана қойған жоқ, екі аралықта талай әбгерге түсті. Бас-аяғы 216 шақырымға созылған жолдың биыл 140 шақырымнан астамын салып бітіру керек. Қалғаны 2023 жылдың соңына дейін халық игілігіне берілуі тиіс.

«Қантар айында Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары Ғабит Сыдықбековтің өңірге жұмыс сапары аясында «Қызылорда-Жезказған» автожолын қайта жаңғырту жұмыстарымен арнайы барып таныстым.

Осыған орай арнайы мәжіліс өткізіліп, түйткілді мәселелерге қатысты тиісті шараларды қабылдау жөнінде жауапты мекемелерге тапсырма берілді. Қазіргі таңда, аталған жолдың реконструкциялау мәселелері бойынша облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Салауатұлының төрағалығымен арнайы жұмысшы топ құрылып, ондағы жұмыстар бақылауға алынды.

Ал облыс халқының жиі көтеретін Ақтөбе бағытындағы 566 шақырымды құрайтын жол бөлігін 2 санаттан (2 жолақ) 1 санатқа (4 жолақ) ауыстыру туралы мәселесі Үкімет басшысына айтылып, республикалық бюджеттен тиісті қаражат бөлу жөнінде ұсыныс беріліп жеткізілді. Алдағы уақытта бұл жоба бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі», деді облыс әкімі.

Расында, Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы жолдың мәселесі күрделі. Мұнда, әсіресе, жүк көліктерінің ағыны алаңдатады. Есептеулер бойынша, осы жолдағы жүк көліктерінің қарқындылығы жыл сайын орта есеппен 10%-ға өссе, тәулігіне 10 мың автокөлікті құрайды екен.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ МӘСЕЛЕ БОЛМАЙДЫ

Халықтың сан жыл сынағына іліккен Қызылорда қаласындағы қоғамдық көлік мәселесі шешіле бастады. Нұрлыбек Машбекұлы облыс әкімі қызметіне кіріскен сәттен өзіне бұрыннан етене таныс жағдайдың шешімі үшін талапты күшейтті. Нәтижесінде Қызылорда автобус паркіне «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы лизингке жаңа 150 автобус алуға өткен жылы 1 млрд 434 млн теңге қаржы бөлінді. Сол әдепкі 150 автобус қазір түрлі бағытта қала тұрғындарына қызмет көрсетіп отыр. Биыл және 150 автобус үшін өткен жылғыдай қаржы бағытталған. Демек, Қызылорда қаласында жолаушы тасымалына қатысты мәселе түбегейлі шешілгені тұр.

«Ертелі-кеш қатынасы қоғамдық көлікке тәуелді тұрғындар көп. Соның бірі – өзіміз. Жаңа автобустар келіп көзіміз ашылды. Халықтың бір кездердегі өкпе-назы қазір байқайсыз ба, алғысқа айналып жүр. Қаланың тазалығы қандай жақсы. Осылай тәртіп болуы керек», – дейді қала тұрғыны Бақыт Баратбеков.

ҮКІМЕТ ҚОЛДАУЫ ПӘРМЕНДІ

Санаулы күн бұрын «АМАНАТ» партиясы ұсынып, Президент Жарлығымен қайта тағайындалған Үкімет басшысы Әлихан Смайылов өткен жылдың соңында Сыр еліне жұмыс сапарымен келген болатын. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын көрді, қолға алынған жұмыстарға, бұл тараптан жасалған ұсыныстарға зер салды. Өнеркәсіп, инфрақұрылым, әлеуметтік нысандар жұмысымен танысып, өзекті деген мәселелерге қолдау білдіретінін жеткізді.

Расында, өткен жылы облыста қандай жұмыс жасалды? Бұл турасында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жуырда облыстық мәслихаттың VIII шақырылым сессиясында тарқатып айтып берген еді.

Жалпы 2022 жыл облыс үшін табысты болды дегенге негіз бар. Табысты болу дегеніміз – бар мәселе түбегейлі шешілді деген сөз емес. Әйтсе де, әлеуметтік-экономикалық макро-көрсеткіштер бойынша өңірлер арасында алға шығуын аз уақыттағы табанды еңбектің жемісі деп бағалаған абзал.

Биылғы облыста өңдеу өнеркәсібінің көлемі 5,6, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,8, инвестиция тарту 26,8, пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 3,3, құрылыс жұмыстары 16,6, сауда көлемі 2,3 пайызға артқан. Осының ішінде инвестиция тарту қарқыны бойынша облыс 2021 жылмен салыстырғанда өңірлер арасында бірінші орынға тұрақтап, 100,6 млрд теңге артық орындаған.

Сонымен қатар, индустриаландыруды дамытуда ілгерілеу бар. Бұл санатқа құны 1 млрд теңгеден асатын 5 жоба жүзеге асырылған. Олар – жылына 200 мың текше метр бетон шығаратын зауыт, 324 тонна балық өңдейтін, 1056 тонна балық ұнын өндіретін, 630 тонна күріш ақтайтын зауыт және 23,4 мың тонна құрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін цех.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай Жалпы-

ұлттық Бірінғай жобалар пулы қалыптасқанын да білеміз. Оған құны 907 млрд теңге болатын 36 жоба енгізілген. Соның ішінде былтыр 5,1 млрд теңгенің 4 жобасы іске қосылған. Ал биыл 13,4 млрд теңгеге 9 жобаны жүзеге асыру міндеті тұр. Сайып келгенде, мұның өзі облыста экономиканы ғартапандырудың жанданғанын көрсетеді.

ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ – АСА МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Өткен қыста Екібастұз қаласының халқы муз құрсаңындай суық, сұрықсыз күй кешкенін білеміз. Әбден тозығы жеткен жылу орталығы апатқа ұшырады. Сол кезде өзге де қалаларға жасалған талдау көптеген өңірде жылу орталықтарының шықпа жанын, шықпа халін аңғартты. Президент шұғыл тапсырма беріп, жылу орталықтарын қайта жаңғырту міндеті қойылды.

Ал Қызылорда қаласында 2022 жылдың қыркүйек айында жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Сол тарихи сәтте облыс әкімі: «Мемлекет басшысы оңтүстік өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін алдағы үш жылда қуаттылығы 1000 мегаваттан асатын электр станцияларын салуды тапсырды. Осы тапсырма аясында атқарылатын жұмыс алғаш болып біздің аймақта жүзеге асуда», – деген болатын.



Түріктің «Акса Энерджи» компаниясымен жасалған жылу-электр орталығын салу жөніндегі мәміле шын мәнінде, басқалардан жөні бөлек жоба. 240 мегаваттық жылу-электр орталығының құны 215 млрд теңгеден асады. Аукымды құрылыс 2023 жылы аяқталуы тиіс.

Түріктермен инвесторлық байланыста тағы бір ауқымды жоба бар. «Коч Холдинг» компаниясы Жанақорған ауданының «Қызылорда-Агроплюс» серіктестігінде томат пастасын өндіруді бастамақ. Оның құны – 50 млн АҚШ доллары. Осы компанияның еншілес кәсіпорны «ТАТ» компаниясымен бірлесіп, тамшылатып суару әдісімен 10 гектар жерге қызанақ егіп, өнім жинаған болатын.

Облыста өңдеуші өнеркәсіпке серпін беру үшін шыны зауыты жанынан 8 ілеспе кәсіпорын құру жоспары жасалып отыр. Қазіргі уақытта оның 4-үй бойынша жобалау жұмыстары басталған. Ал барлық 8

кәсіпорынның құны 100 млрд теңге болмақ.

«Осы бағытта желтоқсан айында Мемлекет басшысының Өзбекстанға барған ресми делегациясының құрамында болып, бірнеше іскерлік кездесуге қатыстық. Өңірден барған кәсіпкерлермен бірге бизнес форумда ортақ жобаларды талқыладық. Науаи облысының хәкімі Нормат Тұрсуновпен бірге екіжақты ынтымақтастықты дамы-



лыста халықты газбен қамту денгейі 72 пайызды құрайды.



ЖАҚСЫ ЖОЛДЫҢ ҮЛЕСІ 87 ПАЙЫЗҒА ЖЕТПЕК

Ұлы Жібек жолының ауқымды бөлігін алып жатқан біздің өңірде ауыл-аймақтың да талай жолы тақтайдай тегіс күйге келгенін көріп жүрміз. Өткен жылдың өзінде жергілікті маңыздағы 366 шақырым автомобиль жолы жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 82 пайыз болған. Биыл көрсеткіші 87 пайызға жеткізу жоспарда тұр. Бұл мақсатта 29,9 млрд теңге (РБ – 14,6 млрд, ОБ – 15,3 млрд) қаржы қаралып отыр. Мамандардың айтуынша, жыл көлемінде республикалық бюджеттен қосымша қаржы келуі тиіс.

Облыс үшін жол құрылысында ең өзекті жобаның бірі, бұл – Президенттің тікелей бақылауындағы «Қызылорда-Жезказған» автожолының құрылысы. Несін жасырамыз, халық осы

туды көздейтін Жол картасына қол қойдық. Бүгінде екі өңір арасында ынтымақтастықты одан әрі дамыту, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту, тауар айналымын ұлғайту арқылы жаңа жобаларды іске асыруда ортақ мүдде бар», деді облыс әкімі.

Талай жыл алуан пікірге арқау болған шыны зауыты енді өңдеуші өнеркәсіпте өңірдің беткеуісін кәсіпорны саналмақ. Әлеуетті зауыттың бәсекеге қабілетін әілесіп кәсіпорындар толыстырып отырса, аймақ экономикасының жана тынысы ашылары сөзсіз.



ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖАҢА БАСТАМАЛАР

ЕГІН – ЕЛДІҢ НЕСІБЕСІ

Өткен жылы облыста 188,5 мың гектар егін егілді. Оның ішінде күріш 78,6 мың гектарға себілді. Су тапшылығын төмендету үшін Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге бөлінді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ауыл шаруашылығында өндірілген өнім көлемі 1,8 пайызға артып, 180,1 млрд теңгеге жеткен.

Биылғы меже – жалпы егін көлемін былтырғыдан 7,1 мың гектарға (барлығы 195,6 мың гектар) арттыру. Оның ішінде күріш алқабы – 5,4 мың гектарға (барлығы 83,9 мың гектар) ұлғаятын болады.

Облыс әкімінің тікелей бастамасымен әлеуметтік маңызды дақылдарды егін алуға өткен жылы ынталы тұрғындар үшін арнайы жер телімдері қарастырылды. Осы игі бастама биыл да жалғасып, қала мен аудандарда 3 мың гектар жер дайындалып жатыр.

Сырдария мен Арал теңізіне қатысты жағдай өзекті. Тұтас өңірдің тағдырына байланысты ахуалды облыс әкімі Парламент, Үкімет мінбелерінде көтеріп келеді.

«Бүгінгі күні «Сырдария өзені арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтау» жобасының 1 кезеңі аясында салынған «Көкарал» бөгеті бұзылу қаупінде. Егер бөгет бұзылған жағдайда 27 млрд текше метр су көлемі бар Кіші Арал теңізінен айырылып, экологиялық апат орын алады.

Бұл мәселені мен өткен жылы болған Сенаттағы Парламент тыңдауында көтерген болатымын. 2022 жылы «Көкарал» бөгетін сақтау жобасын бастауға республикалық бюджеттен 500 млн теңге қаралса, биыл 1,2 млрд теңге бөлу көзделіп отыр. Жоба 2025 жылы аяқталады. Біз осыған барынша күш салып, тиянақты түрде әрекет етуіміз қажет», деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ЖҰМЫС КӨЗІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында атқарушы биліктің қызмет өлшемі жұмыс орындарын ашу көрсеткішіне тікелей байланысты. Өткен жылы облыста 31315 жаңа жұмыс орындары ашылды, 3422 адамға 4,1 млрд теңге көлемінде жаңа бизнес-идеяны іске асыру үшін қайтарымсыз мемлекеттік грант тағайындалған. Биылғы меже – 43898 адамды жұмысқа орналастыру. 1526 адамға жаңа бизнес-идеяны жүргізу үшін 2,1 млрд теңге грант берілмек.

Сонымен бірге, 257 кәсіпкерлікпен айналысамын деген жас азаматтарға 2,5 пайызбен несиелер алу үшін мемлекеттен 1,3 млрд теңге қаражат қаралған.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары облыста 27 денсаулық сақтау нысаны салынады. Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және

онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталады. Жобаның жалпы құны – 36,4 млрд теңге. Нысанның құрылысын жүргізуге биыл республикалық бюджеттен 750,0 млн, облыстық бюджеттен қоса қаржыландыруға 70 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында 200 төсектік перинаталдық орталықтың жаңа ғимаратын салу мәселесі пысықталып жатыр. Айналып келгенде мұның бәрі – жергілікті халық үшін жұмыс көзі, табысын арттыру талабы.

БІЛІМ – БАСТЫ НАЗАРДА

Бір жылда 19 балабақша (2 мемлекеттік, 17 жеке), 6 мектеп (3 мемлекеттік, 3 жеке), Жалағаш ауданында Оқушылар үйі және Өнер мектебі пайдалануға берілген.

Дарынды балаларды қолдау мақсатында Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданынан 150 орындық 2 мектеп-интернаты ашылды.

Ал, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда 15100 орынға арналған құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектептің құрылысын жүргізетін болады. Сондай-ақ, биыл 10 мектептің құрылысы басталады.

Үкімет басшысының өт-



кен жыл соңындағы өңір жұмыс сапарында Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатын салу ұсынылған. Енді оның құрылысы «Білімді қолдау қоры» қаражаты есебінен қаржыландырылатын мектептер тізіміне енгізілген. Бұл, әлбетте, ел тұтқасын ұстайтын ұрпақ үшін үлкен қамқорлық, әрі шынайы қолдау.

Білуімізше, осы тізімге облыс бойынша тағы 1775 орынға арналған 4 мектеп құрылысын аяқтау енгізілген. Олар – №101 Ә.Мүсілімов және №2 «Абай» атындағы білім беру ұйымдарына қосымша құрылыстар, Жезқазған трассасы бойында 600 орындық жаңа мектеп және Шиели ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық мектеп.

Әлихан Смайыловтың алдында көтерілген тағы бір мәселе – қаланың сол жағалауында «Көпсалалы денешынықтыру сауықтыру кешені» құрылысын жүргізу. Жергілікті бюджет есебінен жоба-сметалық құжаттамасы әзірленген. Бұл жобаның құны – 6,9 млрд теңге. Қа-



зіргі таңда жоба Қаржы министрлігіне ұсынылып, құрылысын биыл бастау көзделіп отыр.

ДЕМЕУШІ ҺӘМ ЖІЛІКТІ ЖОБАЛАР

Байқасаныз, өткен жылы әлеуметтік нысандар салуда демалушылар де зор үлесін қосқан. Бұл бағытта демалу-

Жаңақорған ауданының орталығында құны 790 млн теңге болатын заманауи демалыс паркі де демалушылар есебінен ашылды. Ел азаматтарының қолдауымен Сырдария ауданындағы Нағи Илиясов ауылында «Еңбекшілер паркі» бой көтергені де мәлім. Оның құны – 450 млн теңге.

Арал ауданындағы апатты деп танылған Токабай ауылындағы мектеп жеке инвестор есебінен 500 млн теңгеге қайта салынып жатыр. Білім ошағы тамыз айында табысталуы тиіс. Ал, Болат Өтемұратов Қорының қолдауымен құны 31 млн АҚШ долларына бағаланып отырған «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы – үлкен ауқымды жоба. Мұның құрылысын аяқтау 2024 жылға белгіленген. Демалушылар есебінен 100 млн теңгеге қолданыстағы терминалға жөндеу жасалғанын да айта кету керек.

7 мың адамға арналған «Қайсар» футбол коман-

дасының жаңа стадионын салу ірі жобалардың қатарында тұр. Мұның құрылысын жүргізу «Саутс Ойл» компаниясы тарапынан жүзеге асырылмақ.

Сонымен қатар, облыс орталығын дамытуға ауқымды қаржы бөлініп отыр. Бейбарыс сұлтан көшесі облыстық әкімдік ғимаратынан Назарбаев даңғылына дейін, сол даңғылдан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейін қайта жаңғыратын болады. Қайта жаңғырту жол салу ғана емес, халыққа қолайлы демалыс орны, абаданғы шаралары қатар атқарылуға.

Теміржол вокзалына біраз жылдан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмегенін көпшілік жақсы біледі. Облыс әкімі бұл тұрғыда «Қазақстан Темір Жолы» басшылығымен келісім жасалғанын айтты. Енді вокзал ғимараттары мен перронның қайта жаңғыртуға қаражат бөлінеді.

Сондай-ақ, қаланың сол жағалауында инвестор қаржысы есебінен жыл аяғына дейін құны 800 млн теңге болатын жаңа автовокзал салу жоспарға енген.

Осының бәрін бағамдасаныз, демалушылар тарапынан Қызылорданың барлық қақпасы жасанып, тарихи өлкеңнің тамаша келбеті қалыптасып келетінін айқын сезінесіз.

«ҚазГерМұнай» ұлттық компаниясы басшылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы басталатыны туралы ел хабар-

дар. Ал, құны 1,6 млрд теңгеге құрайтын Неке сарайының құрылысы қазір қызу жүргізілуде. Бұл нысанды тамыз айында пайдалануға беру жоспарланса, 3,7 млрд теңге болатын 1000 орындық Өнер орталығы желтоқсан айында, сол жағалауда салынып жатқан (құны 2,7 млрд теңге) Қан орталығы 2024 жылы беріледі.

Мамандардың айтуынша, биылғы облыс бюджеті әлепкіде 536,9 млрд теңге көлемінде бекітілген. Алда болатын мәслихат сессиясында бюджетті нақтылау нәтижесімен 591 млрд теңгеге жетеді деп күтілуде. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (391,4 млрд теңге) 199,6 млрд теңгеге артық. Әдеттегідей, бюджеттің әлеуметтік бағыты (70 пайыз) сақталады.

КЕҢЕСКЕН ЕЛДЕ КЕМДІК БОЛМАС

Облыс әкімі өткен жылы құқық қорғау органдарының басшылары немесе орынбасарларымен бірге барлық ауданды аралап, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді. Елдің үнін тыңдады, өзекті мәселелер айтылды, шешу жолдары қарастырылды.

Аймақ басшысы осы кездесулерде 600-ге жуық тұрғынның мәселесін тыңдаса, құқық қорғау органдары басшылары 400-ге жуық халықтың ұсынысына назар аударды. Сонда жыл ішінде облыс көлемінде барлығы мыңға жуық азаматтың ұсыныс-пікірді, өтініші қаралып отыр. Қабылдаулар сәтінде жағдайы аса мұқтаж отбасыларға уақытша баспана беру, денсаулығы қиын балаларға ем алу үшін қайырымдылық қорлары арқылы көмектесу, көпбалалы отбасыларға азық-түлік себеттерін алып беру, қоғамдық жұмысқа орналастыру сынды өтініштер шешілген.

Бір сөзбен айтқанда, мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының пәрмен алғанын көрсетеді.

Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы»



ҚҰЛАН АЛДАБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 160 ЖЫЛ

Жүрісінен жаңылмаған Жүйірік

Ол – жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің тоғысқан тұсындағы бос кеңістікте қалыптасып, өлеңді жазып та шығарған, табан астында суырыпсалып та айтқан аралық дәуірдің өкілі, ескіден келе жатқан терме жанрын дамыта жырлаған шайыр. Шығармашылығы Кеңес Одағының қасаң идеологиясы тұрғысынан талданып, діни сауатты болмысы таразыға діни бейсауаттылар тарапынан тартылғандықтан, талайсыз тағдыры өзі өмірден өткеннен кейін құдайшыл ақын деген жалғыз қазаққа байланған сөз иесінің жыр мұрасы ел арасындағы көнекөз қариялардың көкірегінен мұрағат сөрелеріне көшкен күннен бастап тас қабырғада тұншыққан Құланның терме, толғау, мінәжат, арнау, көңілқос, мысал, аралық сөз, айтыстары зерттелмеген күйде қала берді.

Құлан Алдабергенұлының кейбір термелері академик Рахманқұл Бердібай мен Мардан Байділдаевтың ыждағатты әрекетінің арқасында өмір жыршыларының орындауымен грампластикаға түсіріліп, шығармалары «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Айтқы» (1988) сияқты ұжымдық жинақтарға енді, ғұмырбаяндық деректері «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991), «Ақын-жыраулар» жинағы мен «Қазақ Совет Энциклопедиясында» (1975) жарияланды. Ал шығармаларының зерттелуіне келсек, ел арасынан өлеңдерін жинап, пікір білдірген ғалымдардың қай-қайсына да ілтипат білдіруіміз керек. Өлке тарихын түгендеп, Құланның ғұмырбаянын жазып жүрген журналист інісі Файзулла Сахиев берген сұхбатының бірінде Манап Көкенов «Ұмытпасам, сонау 1965 жылдың жазы болар. Академик-жазушы Сәбит Мұқанов Құланның өлеңдерін менен тыңдағаннан кейін ғалымдар Рахманқұл Бердібаев, Мардан Байділдаев, Нысанбек Төрекұлов, Ханғали Сүйіншіәлиевтерді шақырып алып, Құлан ақын шығармаларын шұғыл зерттеу қажет деп тапсырма берді» дейді.

Расында да, «бір өзі бір театр» атанған Манап Көкеновтің нәшіне келтіріп жырлағанын көргеннен кейін Сыр сүлейінің сөздеріне таңырқаған Сәбит Мұқановтың тапсырмасына орай, Құланның шығармашылығын зерттеуге бетбұрыс жасалғаны рас. Сәтті күні айтылған Сәбеннің уәлі сөзінен кейін оның өмірі мен өлең өрнегіне қатысты профессор Ханғали Сүйіншіәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» деген еңбегінде алашқылардың бірі болып пікір білдірсе, жазушы Жолтай Әлмешов бірнеше мақала жазып, ақынның өмірбаянына қатысты беймәлім түйіндердің тарқатылуына септігін тігізіп, Құлан ақынның болмысын көркем шығармаларына арқау етті.

Сыр санлағының жыр мұрасы хакында Есіркеп Қоңқабаев, Орынбасар Бөйімбетов, Жұмабай Әбілөвтер де қалам тербеді. Әсіресе, ақынның тумасы журналист, ақын Файзулла Сахиев бұл тақырып төңірегінде тынбай ізденіп жүріп тер төкті. Құлан Алдабергенұлының толыққанды өмірбаяны, өлеңдерінің шығу тарихы, өмір сүрген ортасы, дәуірі, замандастарының келбеті, өлең өрнінің сың жөбесінің нысана-сы болған ел арасындағы сөз бетіне шығар белгілі бай, би, болыстардың өмірбаяны осылайша қайта тірлілді. Солардың арасында халық ақыны Манап Көкеновтің ересен еңбегіне тиесілі бағасын беруге тиіспіз. Файзулла інісіне айтқан естелік әңгімелерінің тағы бірінде Манап ақын «Там-тұмдап жинастырғаным үш мың жолдай өлең болды. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына табыс еттім... Менен өзге Есіркеп Қоңқабаев 350 жол өлеңін, жетісайлық Қайыпназар Әйтпенев 650 жол шамасындағы өлеңін тапсырған... Әлде біреудің туындысы болып қала ма екен деп елден жиналған өлеңдерін алдымен өзім жаттап алып, жүрген ортама әдейі айта жүретін болдым. Ел іші емес пе, кей-кейде халық арасынан Құланның бірлі-екілі өлеңдерін білетіндер де шыға бастады. Жаңақорғандық Ә.Садқыбеков, Е.Сариев, мақтаралдық К.Данияров сияқты бірқатар азаматтардан төрт-бес шумақтан жазып алдым» дейді, инемен құдық қазғандай машақаты көп, сауатты тірлігінің барысын баяндай келе.

Әдейі ұзақтау келтіріп отырған Манап ақынның осы сөзіне көпшілік пен мұра жинаушылардың көңілін аударғым келеді. Рас, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алу кезінде адам айтса нанғысыз ауыз-түйістер болып жатады. Оны жинаушы әдейі жасамайды, дерек берушілердің де бәрін бірдей білуі, білгенін салыстырып отырып іріктеуі мүмкін емес. Біреулер қасақана өз күшілеріне шок тарта сөйлесе, енді біреулері

«білмеген у ішедінің» керін кешеді. Сөйтіп, жаттамапз жыршылардың жады арқылы ұрпақтан бұныға тара-лып отыратын қасиетті халық мұрасы кейде бір автордан екінші біреуге көшкенде, мүлдем адам танымастай болып өзгеріске түсетін кездері болады. Халық ақыны Манап Көкенов пен жазушы Тынымбай Нұрмағамбетов жинап тапсырған қолжазбаларда «Терме-шай» деген ортақ атаумен ұшырасатын «Ағасы жақсы қандай-ды» деп басталатын жеті-сегіз буынды өлеңнің:

...Сөзге азбайды мұлы адам,
Мұлы адамның белгісі,
Шықпайды сөзі шауауға,
Балта ұрмайды қашауға.
Білімісізге үйреткен,
Салғандай құрық асауға, —

деген тұсындағы жалпақ жұрттың көңіл көкжиегінде әлдеқашан тұрқатанып кеткен жыр жолдары терлері Әбубәкір шайырдың термесі ретінде «Қазағым» (1993) жыр жинағында да ұшырасады. Әбубәкірдің өлең өрнегін зерттеп, шығармашылығын таразылап жүрген ғалымдар бұл терменің осы авторға тән екенін айтады.

Манап сияқты, сөзге мәттакым, реті келсе ызалы жерді баспауға тырысатын зерде иесінің «...әлде біреудің туындысы болып қала ма екен деп елден жинаған өлеңдерін алдымен өзім жаттап алып, жүрген ортама айта жүретін болдым» деген ескерткішіне андатпа сөзі Құлан ақынның

нұсқадағы Құлан өлеңдерінің ұзын-ырғасы 1472 жол, оның алпыс алты жолы айтқы арасындағы қарсылас ақындарға тиесілі.

Расында да, Құлан Алдабергенұлының шығармаларын жинап, мұрағат қоры мен зерттеушілердің қолына табыстағандардың бірі — Қайыпназар Әйтпенев. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында Қайыпназар шығармалары жазылған №872 бумадағы 3-дөңкердің 1-10-беттері аралығында «Құлан ақынның Әбділдаға айтқаны» деген арнау өлеңнің араб графикасымен жазылған мәтіні кездеседі. Ел азаматтары Тұрғанбай мен Әбділдаға қаратып айтылған аталмыш аралық сөз 1974 жылы институт қорына Манап Көкенов тапсырған нұсқамен негізінен бір ізді басатыны анықталды. Қайыпназар қолжазбаларының арасынан бұл өлеңнен өзге Құлан ақынның «Өткір сөз наркескендей қынаптағы», «Дүние жаралғалы қанша заман», «Баршаға атын мәлім жалғыз Құдай» деген шығармаларының

ныстық. Құланның сөзге жүйірік, ойға тапқыр ақын екені байқалады. Осы уақытқа дейін Қызылорда облысынан жиналып, біздің қолымызға жеткен атакты ақындар қатарында бұл кісінің есімі де, шығармалары да кездескен емес. Сондықтан сізден өтінеміз, осы Құлан ақынның өмірбаянына және басқа да өлең-жырларын жинап жіберсеңіз екен. Фольклор бөлімінің меңгерушісі Е.Ысмайылов. 31.03.1965».

Хаттың жазылу мерзіміне қарап, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына Құлан ақынның өлең-термелерін алғаш тапсырған Тынымбай Нұрмағамбетов екеніне күә боламыз. Ал Манап Көкеновтің қолжазбасы аталмыш қорға тоғыз жылдан кейін келіп түскен. Оған дейін көптеген әдебиеттанушылар қауымы Құланның өлеңдерінен бейбар болған. Талайсыз тағдыр иесінің ақындар шығармашылығының білгір мамандарының еңбектерінен тыс қалуының негізгі бір себебі осы болса керек.

Сонау жылдары, бозбала студент ша-

айтады екен. Қызық жайт, осылайша тіл қолданысы заңының қарапайым есімдігі кейін құбыла келе, «ишон» яғни «ол» (ұстаз, пір) деген діни атаққа айналып кеткен.

Олай болса, Құлан жырларындағы Алла тағалаға жасаған шағымдары, ерке мінезі мен назынан оның әулиетап көңілін, құдайшыл болмысын, діндарлық дәрежесін тануға болады. Көкірегінде діннің өрнегі жоқ, Құдайға деген сенімі селкеулі бірде-бір жұмыр басты пенде Құдайға бұлайша еркінсіп, назын айта алмаған болар еді. Әрине, мұнда ақынның бірінен соң бірі дүниесі салған перзенттері мен зайыбы, мінген атының өле бергендегі азалы күйігі, пенделік пиғылы да бар екенін терістеуге болмайды.

Өзін «Құдай» санау — сөз киесіне жанасқан ақындардың, ал Құдайға базынасын басып айту — Алла тағаланың тылсым күші уәхи болған пайғамбарлардың, болжам жасау — жүрегіне илхам келген әулиелердің ғұмырнамасында жиі кездесетін жайт. Қиял әлемінде Құдаймен бетпе-бет келіп, Онымен сөз таластыру — қазақ сөз өнерінде сирек те болса бар құбылыс. Ендеше «Құдай-ау, құдіретіне болдым ғашық» деп Жаратқан жалғыздың диларына құмартқан, «Атыңнан айналайын, жалғыз Құдай» деп құдіретті күшінен айналып-толғанған құдайшыл ақынның арзызы мен назына құлақ түріп көрейікші.

Тұратын жерің болса барар едім,
Алдына бар сөзімді салар едім.
Қалдырмай ішімдегі

мұңымды айтып,
Алдында армансыз боп қалар едім.

Дәлел айтпай әншейін зорлық қылсаң,

Жағаннан арыстандай алар едім...
Жалпы, тікелей арзызы мен назын Жаратқан Иенің жамалына шексіз ғашық, руханият ілімінің маныз-мәйегін менгерген кәміл адамдар ғана айта алса керек. Бұл — жүрегі тазармаған қарапайым пенденің қолынан келмейтін наз. Аталмыш өлең Құланның рухани ілім дәрежесіне орай, жеке-дара жеткен жетістігі мен ерекше батылдығының куәсі. Сондықтан да оны қарабайыр ұғымға салып, тура мағынасында түсінуге өсте болмайды.

Олай болса, Құлан Алдабергенұлының болмысын Алла тағаладан илхам келгендіктен, Құдайдың еркесіне айналған, сопылық ілім арқылы көзі ашық әулие дәрежесіне көтерілген киелі сөз иесі ретінде қабылдағанымыз дұрысырақ болар.

Ол өлеңді қарапайым ұйқасты тіркес деп емес, ақынның (яғни өзінің) аузымен айтылып тұрған құдіретті күштің уәзіпасы деп түсінген, сөздің бәсін де осы тұрғыда пайымдаған. Бұл пікірімізге оның көкірегінен көкпек шыққан жыр көргенін асқактата ұлықтап, көкке көтере әспеттеуі дәлел. Мақтасам, өлеңім бар

мақтағандай,

Данқ болып кейінгіге ат қалғандай.
Алыстан ән шырқасам келеді өлең,
Қосын боп жауға әскерім аттанғандай.

Қалады өлеңіме жұрт жымылып,
Құс көріп ұзақ қарға топтанғандай.
Кейбіреу сөзімді естіп мүжіледі,
Қарқын ап жарға соққан ақпарлардай...

Ақберен жырдың иесі бұдан әрі ұшпасы биік тау басынан ақ көбік атып, күркірей аққан асау бұлақтай алды-артына қарамай, арындай түседі. Өніп тұрған өткір сөзін наркескенге, аққан суға, найзагерге, өртке, дертке, ажалға, қоныраулы тажалға, самалға, балқытқан сынапқа, сөзірдің жауынына, қазанның дауылына, локкы болған жылқының жауырына, қолқа құртқа, күллі яғни мақұлықатқа, сауынаға, құтырған итке, бойжеткен қызға, тал түсте шабатын жолбарысқа, алтын баққан айдаһарға, қойға шапқан қасқырға, сүрмергенге, аспан мен жерге, қара көрге, қара құрттың бүйесіне теңейді. Кей өлеңінің жүйріктей шекелетінін, ерлерді желкелейтінін, тал түсте ала-сатынын, түнде де төтелейтін, бекпаша нардай бірін-бірі жетелейтінін, қыздай күліп келетінін, судай жұлып ағатынын, жүйріктей қырындайтынын айтып асқактайды. Содан соң:

Мінеки, сол ақыннан өлең тында,
Әдейі айтайын деп келдім мұнда.
Қойқаптан жың шақырсам,
қосын келер,

Кездесіп қап жүрмендер

біздің жыңға... — деп, көңілінің қосы келмей тұрған шағында кездесіп қалып, сау бастарына сақина тілеп алудан сақтандыра сөйлейді. Өзінің және жүрежарлы сөзінің бәсін білген ақын ғана айтар сөзін осылайша, қасқайып тұрып жеткізе алатын болса керек.

Құлан ақын өлеңдерінің өресі өлшеусіз биік. Сол асқар болмыс иесінің дер кезінде өзі өмір сүрген қоғамынан, кейінірек көбік сөзге әуестеніп, жақсының бәрін жатсанаған Кеңес заманынан әділетті бағасын ала алмағаны өкінішті, әрине. Олай болса, қазыналы қазақ әдебиетінің қоржыны Құлан сияқты жасындай жанып өткен құдайшыл жандардың жауһар жырларымен толыға бергей.

Берік ЖҮСПОВ,
фольклортанушы



болашақ зерттеушілерінің санасының түкпірінде сартап болып жүруі тиіс. Өйткені, Әбубәкір мен Құлға қатар телініп жүрген әлгі жалғыз терме екі бірдей сөз иесінің де ақындық тағдыры мен арына тіреуіш бола алмайды. Бұл терменің Құлан ақындыкі болуы да, болмауы да мүмкін. Мұндай түйткілдердің тінін тарқтау үшін екі ақынның да стильдік ерекшелігі, сөз қолданудағы айырым қолтанбалары болшақта салыстыра зерттелуі тиіс. Мысалы, Құлан мен Шегір қыздың арасында өтті делінетін, күрмелер тұсы бұрынғы сөз қактығысында қыздың бастапқы сөзі болып саналатын:

Шапқанда боз озбай ма буырылдан,
Өлеңге тіл-көмейім суырылған...

— деген жыр жолдар «Боз шапса боз озбай ма буырылдан, / Мен шапсам жер танабы қуырылған...» деп басталып, ұйқастық және кейбір сөздік қайталауларымен дүйім жұртқа белгілі Әсет пен Кемпірбайдың бақұлдасында Кемпірбай ақынның атынан айтыла-тыны белгілі. Міне, Құлан ақынның шығармашылығында да осы сияқты абайлай қарап, ерекше көңіл аударып түйткілді мәселелер баршылық. Бұдан «Сонда бұл өлең жолдары кімдікі болғаны?» деген қарабайыр сұрақ туындамауы керек. Бұған ғылыми пайым, ортақ түсіністікпен келіп, халық мұрасын жинау барысында кететін ауыс-түйістер ретінде жайбаракат қарағанымыз абзалырақ. Қазіргі дамыған әдебиеттану ғылымы жеткен биіктен өлшеп, өткен күндерден еншіленген өлең тарихынан бұған қатысты көптеген ұқсас мысалдар келтіре беруге болады. Ендеше, Құланның шығармашылығын зерделегенде баса назар аударуды талап ететін мәселенің бірі — осы.

Сондай-ақ, «Қоңқабаевтың жинағына 350, Қайыпназардың тапсырғаны 650 жол, өзімнің жинастырғаным 3000 жолдай» деген деректердің де әуел баста нендей мәліметтерге сүйеніп айтылғанын анықтанқырау қажет. «Манап айтты» деп белгісін нақты бекітуге қолымызда ақынның аузынан жазып алынған ұнтаспа айғақ жоқ. Олай болса, бұл мәселені де ауызекі айту кезінде үстемеленетін «шерімбет жоба» өлшеміне жорығанымыз дұрысырақ сияқты. Нақтысы мынау: өмірінің ақырында жазу машинасына бастырып, түптеп, түбегейлеп, баласы Убайдуллаға табыстап кеткен

қазіргі кириллицамен жазылған нұсқалары кездесті және №79 бумадағы қолжазбаның 15-32-беттері аралығына жазылған өлеңнің соңында «Қайыпназар Әйтпеновтің берген дерегі бойынша, Құлан ақынның өлеңдерін жазып алғандар Қыдырәлі Саттаров, Қалдыбек Отарбаев» деген жазу бар. Барлығы 587 жолдай өлең. Соған қарағанда, көзқаракты халық ақыны есімі елеулі сөз зергерінің көңіл зерлесінде қалған осы өлеңдерін жаттап алып, халық алдында мақамына қосып айтып, насихаттап жүрген сияқты.

Құланның қалған әдеби мұрасының негізгі жинаушылары Манап Көкенов, Қайыпназар Әйтпенев, Есіркеп Қоңқабаев, Тынымбай Нұрмағамбетовтерден жеткен қолдағы бар материалдарды салыстыра келе, нақтылағанымыз 2155 жол өлең. Оның алпыс алты жолы Құлынишак, Перне, Шегір сияқты ақындарға тиесілі. Бұл Сыр сүлейі Құлан Алдабергенұлының Өзбекстан мен Тәжікстан топырағын жайлаған қонырт ағайындар мен кіндік кескен киелі жұрты Сыр бойынан жиналған шығармаларының бүгінгі таңдағы тиянақталып, белгісіз бекіп тұрғандығы.

Ессесіне, күні бүгінге дейін Құлан шығармашылығын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген деректің бірі — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы № 1023 бума. Бұл сол жылдары Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында оқып жүрген бірінші курс студенті Тынымбай Нұрмағамбетов тапсырған «Құлан халпенің өлеңдері» деп аталатын қолжазба. Аталмыш бумадағы 4-дөңкердің 1-бетінде Құлан ақынның өмірбаяндық деректерін айта келе, «Халпе — жалған аты. Ақынның өлеңдері тек жеке адамдардың аузында қалған. Сол ауызекі сақталған өлеңдерінің құр тобын жазып алып, сіздердің назарларыңызға ұсынып отырымын» депті.

Осы қолжазбаның екінші бетінде фольклортанушы Нысанбек Төрекұловтың «31.03.1965 жылы жауап жіберілді» деген бұрыштамасы және қазақ ақындары шығармашылығының білгірі, профессор Есмағамбет Ысмайыловтың өз қолтанбасымен Тынымбай Нұрмағамбетовке жазған хаты сақталыпты. Онда былай делінген: «Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет институтына сіз жіберген Құлан халпенің өлең-термелерімен та-

ғында-ақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинай бастаған жазушы Т.Нұрмағамбетовтың қолжазбасынан Құлан ақынның «Ағасы жақсы қандайды», «Аузымда өлең деген алмасым бар», «Босымбек байға айтқаны», «Қалірмен сізге өтініш жаздым хатты», «Қырғызалы Құлан (Қызыл) ақынның көшек руынан Қараша Нарынбай биге көңіл айтқаны» деген көңілікосының үзіндісін ұшыраттық. Нұрмағамбетов тапсырған қолжазбада «Хат» деген атпен берілген «Қалірмен сізге өтініш жаздым хатты» деп басталатын Құлан ақынның ғашықтық сарындағы арзу хаты бұдан басқа еш жерде кездеспейді, бұрын-соңды жарияланған басылмаларда да болмай шықты.

Күні бүгінге дейін жарияланған деректердің ешбірінде Құлан ақынның халпе деген діни атак-дәрежесі туралы тілге тиек етілмеді. Әрине, Кеңес Одағы тұсында ол мүмкін емес еді. Халпе атағынан біз оның сопылық болмысына қатысты көп жайттың анығын аңғару түсеміз. Далалықтар мәдениетіндегі дәстүрлі діни ұғымнан ойып орын алып, халпе атағын алғандар кім? Халпе немесе қазақы сөз қолданысындағы кәлпе — арабтың халифа деген сөзінен шығады. Түп мағынасы (этимологиясы) — орынбасар (ізбасар) деген ұғымды білдіреді. Пір немесе ишан жоқ жерде кәлпе солардың тапсырмасын іске асырып отыратын белгілі бір өлкедегі уәкіл қызметін атқарған. Ишаны жоқ ауылда сол ишандардың кәлпесі пірдің атынан оның сөзін, ілімін тарату бағытында әрекет ете береді. Ал ишан (ишон) — Орта Азия халықтары арасында сопылық ілімдегі рухани жол — тарихат мектебінің жолбасшысы мен піріне (ұстаза) қолданылған парсы сөзі. Бүгінгі ұғыммыздағы діни мағынасына емес, нақты аудармасына бағытталса, кәділгі тіл заңындағы есімдік, яғни бірінші, екінші жақтағы «мен», «сен» ұғымы сияқты, үшінші жақта айтылатын «ол» деген сөздің ишарасы.

Сонда ілкі кезде ишандарды не себепті «ол» деп атаған?

Бұрынғы заманда аты мен заты белгілі пірлер діни және дүниаяу сауалдарға байланысты халыққа пәтуә бергенде саналы түрде «мен» деген сөзден бойын аулақ салып, «ол» деген сөзді жиі қолданатын болған. Осылайша пәтуасының түйіндемесі мен тұжырымдамасын өзі білсе де, «Ол кісі былай деді, ол осылай жасады» деп, үлгі көрген ұстаз-пірінің атынан



ӨМІР
БЕЛЕСТЕРІ

Бір кітаптың ізімен

Облысқа белгілі азамат
Өмірбек Мөрәліұлы
туралы «Өмір белестері»
атты кітап қолымызға тиді.

Бұл Ө.Шәменовтің 70 жасқа толғаны орай жұбайы Сәуле Қайыпназарқызының, отағасына арнап жазған автобиографиялық туындысы болып шықты. Кітапты азаматының еңбек жолын дерекпен қоспайсыз, бояусыз, ой елегінен өткізіп жазған. Әрине 45 жыл бірге өмір сүріп, өмірдің қызығын да, қиындығын да бірге көрген адамнан артық кім жаза алады? Сәуле келін Өмекенге «Сізді жақсы білетін, екі адамның бірі менмін» деп дұрыс айтқан.

Кітапта шежіреден басталып, қысқаша өмір жолы, атқарған қызметтері, қатысқан адамдар туралы деректі материалдар камтылған. Ол — өмір экономикасының өркендеуіне, дамуына өз үлесін қосқан ары, көңілі, ниеті таза азамат. Олай дейтін мен әр нәрсенің, өзін білетін әр азаматтың қадір-қасиетін білетін жастамын. Өмекеннің туып-өскен отбасы, әкесі Мөрәлі Шәменов, ағалары Айтмұрат, Атамұрат, қарындасы Балжанмен дәмдес, жұмыстас болдым.

Кітапты саралап, баға беруден аулақпын. Дегенде Сәуле жазған оқиғалар тартымды. Көңіліне түйгендерін, көргендерін ашық, анық жазған. Өнегелі ойы тақырыбын тапқан. Оқырманын ынталандырып алға тарталды, айналасы бір-екі күнде оқып шығуға жетелейді.

Ондағы адамдар — кеше ғана бірге аралас-құралас, сыйлас болған кісілер. Солармен қайта кездескендей сезімде болдым.

Менің бір байқағаным автор басынан өткен күндерді байыппен, саралап жазған. Келін мен ененің қарым-қатынасы қандай жарасымды! Енесі Ақшоның Аханайқызы «Ақылы бар» ғой деп бекер айтпаса керек. Бұл күндері сол аналардың сарқындығы болымды, жайсаң бәйбішеге айналды. Өмір жолындағы жетінші белесті бағындырған, бақытты ұрпақтары өсіп-өніп жетілуде.

Менің риза болғаным Сәуленің үй тұрмысындағы бар жауапкершілікті, шаруашылықты меңгеріп кетуі, ата-баба рұхына деген тағзымы, дастархан мәдениеті, ағайын-туыстарының сенімі, жолдас-тарымен сыйластығы бекзат болмысын дәлелденгенді.

Кейінгі кезде ене мен келін проблемасы көп айтылатын болды. Бұл тұрмыстағы өткір мәселеге айналып барады. Осы тұрғыда «Өмір белестері» кітабындағы жазылғандар жас келіндерге үлгі-өнеге болатындай.

Отбасының бірлігі, жұбайының абыройын бірінші орынға қойып, өзінің сол отбасына келін екендігін терең сезініп үлкен абырой иесіне айналғаны көрініп тұр. Шіркін, салт-дәстүрін сыйлаған осындай келіндер көп болса екен.

Авторға мың алғыс айта отырып, Өмекенмен қол ұстасып, сонынан ерген ұрпақтарының қызығын көре берсін деп шынайы ықыласымды білдіремін. Алдағы уақытта жас келіндерге ой салатын тағы бір кітап жарық көре ме деген ойдамын.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
Қызылорда облысының
«Күрметті азаматы»
ҚР Еңбегі сіңген дәрігері



«Адамзат баласының бойына біткен адами қасиеттерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі — парасат» деп ой қорытады ғұлама ғалымдар. Жеке басымның пайымдауымша да, жалпы ел-халықтың да ойы осыған саяды. Парасат табиғаттың адам баласына деген үлкен сыйы деп түсінген дұрыс. Оның талант пен тума дарынды толық пайдаланып жұмсауға үлкен септігін тигізери сөзсіз.

Бойындағы осындай дара қасиеттерді ел игілігіне жұмсаған республика танымал абзал азаматтар қатарында жарты ғасырдан астам уақыт бірге қызметтес, сыйлас, пікірлес, ағалы-інілі болып кеткен, адами болмысы бөлек, парасаты биік, мінезге өте бай, айтатынын ой қазанында өбден қайнататын, жер қозғалса да қозғалмайтын өте сабырлы мінезімен, ұстамдылығымен ел-халықтың есінде каларлық жемісті жұмыс жасап, қазір сексеннің сенгіріне аяқ басқан Қуанышқали Шашпанов замандасым деп айтар едім. Затында үлкенге де, кішіге де құрметпен қарайтын өте қарапайым жандар болады. Олардың жанына көпшілік үйірсе келеді. Мансабы жоғары қызметтерде жүрсе де, туа бітті қарапайымдылығы Қуекеннің адами болмысын бекзаттыққа жеткізгенінің талай рет куәсі болғанымды айтуға тиіспін.

Халық — таразы. Қандай жағдайда болсын қателеспейтініне көзінді жеткізіп қарасаң, тәңті боласың. Кімнің кім екенін тап басып, жазбай таниды. Өбден сырласып, таразылап алмай, өзінің көкейіне түйгенін бірден айта салмайтынын қайтерсін. Кейбір өзіне-өзі құдірет болып, қолдан жасанды болмыс құрып жүргендерге тарих деген алып өткел бәрін есіне күнде салып отыратынын қайтерсін. Халықтың шамына тие берсең, өрт тұтанып немесе алапат дауыл, тасқын су да басып кетеріне күмәніңіз болмасын. Міне, Құдайдан кейінгі халықтың қадір-қасиетін жете түсініп, өзінің саналы өмірін жұртшылықпен бірге өткізген, халық бағасын білген, мен әңгімеге арқау етіп отырған Қуанышқали замандас ағамыз.

«Атыңды тану оңай, адамды тану қиын» деген сөзді бабаларымыз кейінгі ұрпаққа өсиет етіп қалдырып кеткен. Жоғарыда айтқанымдай қандай бір азаматқа баға беретін халық. Халық — сыншы, халық — көреген. Сол халықтың берген бағасы бойынша Қуанышқали ағамыз — жүрегінің есігі ашық жүретін, ашық айтып адал құлетін, пейіл-

парасаты кең адам. Басқаларға бұйыра бермейтін өзіндік тәубәсі, шүкіршілігі, қанағатшылығы, байлыққа, мансапқа қызықпайтыны бар. Жүзі жарқын, шынықтың бетіне тура қарайтын әріптес, аға ретінде бағалаймын.

Неге екенін білмеймін, екеуміздің өмір жолымызда бір ұқсастық бар секілді, болмаса маған солай көрінетін сияқты. Қуекен менен өмірге ерте келгенімен бірге жұмыс жасап, қызметтес болдық. Еңбектің қара қазанында қатар қайнап, ашы мен тұщы дәмін бірге сезіндік. Қуекеннің алды кең, іскер, кішіпейіл, өте қарапайым, жұмысқа ыждағатты екенін айту парыз. Ол ешқашан да көзін көріну үшін еңбектенген емес. Нені біледі, нені істей алады, жүрегі нені қалайды тек соны ғана жасаған азамат.

Қазалы ауданында жұмыс жасаған кезде қысқа мерзім ішінде сауда мәдениеті жоғарылап, жана сауда үйлері бой көтерді. Халыққа қызмет көрсету орындарының көптеп ашылуы — сол Қазалы аудандық партия комитетінің басшылығы мен аудандық совет атқару комитетінің ынтымақтасқан іс-қимылының, тиісті салаларға жауапты лауазымды қызметкерлердің біліктілігінің нәтижесі. Қуекенді қазалылықтар жақсы көрді, адами қасиетін бағалады. Бұл оның қанымен біткен қадір-қасиетіне байланысты.

Жалпы ол кезде партия идеологиясында «бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін» деген ұстаным болғаны белгілі. Басшылардың қай-қайсысына да қызметке тағайындау кезінде қарапайым халықтың мүмкіндіктеріне ерекше ыждағатпен қарау тапсырылатын. Сондықтан ол жоғары жақтың тапсырмаларын орындауда өте жоғары іскерлік көрсетті.

Сол Қазалыда болған жылдар Қуекеннің кейінгі еңбек жолын жемісті қызмет атқару үшін бай тәжірибе жинақтаған кезең болды. Осы жұмыстарда жинақталған тәжірибе кейінгі сағыларға жол ашты. Мұны басшылық дұрыс бағалап,

қызмет бабында өсті. Қай қызметте де қарапайым әрі қайырымды, халық ортасында көп болатын іскер басшы ретінде танылды. Оның ерен еңбегі, елмен етене араласуы неше түрлі жақсы әңгімелер мен аңыздар туырды. Парасатты, жаны жарқын адамның елге еткен жақсылығы да көп болады. Қуекен төрағаның бірінші орынбасары болып қызмет еткен облыстық кеңес атқару комитеті, облыстық партия комитеті, Қазалы аудандық кеңесі атқару комитеті, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы және ол араласқан жұртшылық азаматтығын, кісілігін жыр қылып айтады.

Сырт қарағанда, жақсы адамдардың мінезі бір-біріне ұқсас келетіні анық нәрсе. Адамгершілік, кішіпейілділік, адалдық, қарапайымдылық — жақсы адамдардың бәріне ортақ. Ал үніле қарасақ, зерттей пайымдасақ, осы қасиеттердің Қуекеннің бойында барлығына көз жеткіземіз. Оның елгезек мінезі мен адами қабылдауы, жылы, шын көңілімен сөйлесуі, үлкен-кішіге бірдей қарап, сыйлай білуі — өзінше бір әлем. Бұл жасанды емес, жаратылысынан қалыптасқан дегдарлық пен тектіліктен туындайды дер едім.

Қуекен білімі жағынан педагог болғандықтан, сауаттылығымен озық. Аудан шаруашылықтарын басқарып, аудандағы екі басшының бірі болуы соның дәлелі. Басшы адамның барлық істің маманы болуы мүмкін емес.

Қабілеті, басқару тетігін меңгеруі, қай істің болса да алдын, бағытын танып, болжай білетін көрегендігі, жоғары масштабта ойлауы, логикасының үшқырлығы тәңті етеді. Қажетті мамандармен тіл табысып, оларды үлкен іске ұйымдастыра білуі жоғары табыс биігінен көрсетті. Енесі биік азаматтың халық алдындағы абыройының қалай құралғанын танысың да, елмен бірге қуанысың, шаттанасың.

Қуекен өзінің бар ойын, еңбегін, күшін, жігерін, мақсатын бір ғана нәрсеге — елдің тұтастығы, бірлігі, жігіттердің арасындағы үлкен ауыз-біршілікке жұмсады. Салада, аудандық, облыстық мекемелерде басшылық жүргенде, өзі істеген ұжым мүшелерін, халықты жұмылдыра білді. Ол атаққа, лауазымға, мансапқа қызықпады. Тағы бір қыры өзінің басшылығымен атқарылған істерге мақтанбады, масаттанбады. Қанша бірге болғанда байқағаным өте ұстамды әрі төзімді, мінезге бай

азамат. Кейбіреулер сияқты өзіне-өзі көтермелеу үшін өзге біреулерді тілінің ұшына салып бөтен әңгіме айтқанын естіген емеспін. Көзге түсуге де көп тырыса бермейді.

Қуекеннің бекзат болмысы, тап-тұйнақтай іс-әрекеті өте жарасымды. Қайбір іске болсын байыппен қарайтын, алыстан қайыра ойлайтын терендігі бар. Нені болса да ой сарабынан өткізбей пікір білдірмейді. Эмоцияға берілмейтін төзімділігіне қоса, қолына алған ісін аса жауапкершілікпен, ыждағаттылықпен атқарады. Әңгімесінің әр сөзін сараптан өткізбей айтпайтын қасиетін тұстастары бағалайды. Қуанышқали Рахымбердіұлының ширек ғасырдан астам уақыт бірге қоян-қолтық қызметтес, жұмыстас болғандықтан, зейнет демалысынан кейін қоғамдық жұмыстарда бірге жүргендіктен тереңірек білдім десем артық айта қоймаспын.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы тарихи мекенінің басына бұлт үйіріліп, қиын кезеңдер орнағанда қанаттаса жұмыс жасаудың сәті түсті. Облыста ұзақ жыл экология саласын басқарған уақытта ешкімге дауыс көтермей-ақ, өзінің сабырлы қалпымен жой сөйлеп, ғарыш айлағы бойынша ауқымды, маңызды өте жоғары тапсырмаларға өте сергектікпен қарады. Табиғат қорғаушыларды, пайдаланушыларды бөле-жармай, мемлекет мүддесіне сай келетін бастамаларды үнемі қолдап, шақырып отырды. «Байқоңыр» ғарыш айлағы, Байқоңыр қаласының басшысынан бастап, Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау мекемесінің басшысын адами болмысы, мықты, сауатты, білгірлігі үшін сыйлағанының талай куәсі болғанбыз. Мәскеуден келетін «РосКосмос» басшыларымен, осы саладағы ғалымдармен, Қазақстан Республикасы Президентінің сол уақыттағы арнаулы өкілі Нұрғалиев Ергазы Мерғалиұлы, академик, Қазақстанның осы саладағы ірі маманы Мейірбек Молдабеков және тағы басқа белгілі мамандармен ұшырау алаңында көбірек болып, етене араластық. Ауызбіршілікпен еңбек еткен уақытты қазір сағыныш сезіммен еске аламыз.

Бірде Қуекенмен бірге «Энергия-Буран» ұшыру алаңында да болғанымыз бар. Ол кезде ұшыру алаңында ракетаның қазіргі көшірме мәкеті емес әзі сакталып тұрған. Ол жерге кім көрінгенді жібере бермейтін. Қуекен және басқа кісілерді арнайы алып барған «РосКосмос» басшылығының өкілі арнайы таныстырып, техникалық мәліметтерін барынша түсіндірді. Бір кезде Қуекен «РосКосмос» өкілден:

— Мына сатымен жоғары шығып әрі қарай көруге бола ма? — деп сұрады. — Әрине, болады. Саты сол үшін қойылған, — деп түсіндірді.

Қуекен жоғары көтеріліп, алып ракетаның ұшар басына дейін барып, қолын тигізіп тәу етіп сатымен жерге қайта түсті. Біз күліп жатырмыз. «Қуекен, осы жерден де жақсы көрініп тұр ғой!» деп. Сонда Қуанышқали Рахманбердіұлы бізге қарап күліп:

— Жігіттер, бұл — ХХ ғасырдағы ғылымның үлкен жетістігі болса, екінші жағынан Аллаға біздің туған жерден барып жақындап келді емес пе?! — деген.

Қуекен биыл 80 жасқа толып отыр. Мен өзімнің әріптес, замандасым Қуанышқали аға мен Несіпқұл апайдың әулетінің амандығын тілеймін.

Нұртілеу САЛЫҚОВ,
Қармақты ауданының
Күрметті азаматы.

ОЙТҮРТКІ

Тәуелділік түбі қайда апарады?

Заман дамыған сайын балаларға арналған компьютерлік ойындар да көбеюде. Тіпті қазір балаларды былай қойғанда, үлкендердің өзі компьютерлік ойындарға телміріп отыратынды шығарды. Қаламыздағы «I GAME», «Garage», «Pentagon», т.б. ойын клубтарына кіре қалсаңыз, балалармен қабаттасып үлкендердің де ойнап отырғанын көресіз.

Сb Ақтілек БИТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Кейінгі кездері компьютерлік ойындардың адам денсаулығына теріс әсері туралы дәрігер мамандар жиі айтып жүр. Бірақ оған құлақ асып жатқан жан жоқтын қасы. Қайта қызылды-жасылды әртүрлі түстермен көмкерілген мұндай ойын түрлері сәт сайын ойнаушыларды өзіне тартып жатыр. Күн санап қатарлары артпаса, кемімей тұр.

Мынаны қараңызшы, кейбір мамандар компьютерлік ойындардың адамның логикасын дамытуға оң әсер ететінін де жазып жүр. Өйткені, мұндай ойындардың арасында көзімдіктей ойландуды, стратегиялық шешімдер қабылдауды қажет

ететіндері бар. Мәселен, «Киберспорт» деген жана спорт түрінің өріс алып жатқанын айтуға болады. Қазақстанда бұл бағытта жастар жиналып, әлемдік турнирлерге қатысып та жүр. Олар тіпті бөлек үй жалдап, сонда өмір сүреді. Алдағы аяқасты ойынға алансыз дайындалады.

Бір қызығы, балалардың мұндай ойындарға қызығушылығы 4-5 жасынан басталады екен. Ғалымдардың айтуынша, мұндай кезде баланы компьютерге жақындатуға мүлде болмайды. Себебі, баланың ағзасы техникалық салмақты көтере алмай қалуы мүмкін. Бала мектепке барғанда ғана аптасына бір рет және

аз уақыт компьютерге үйреткеніңіз жөн. Жалпы, алтыншы сыныптан кейін оқушының бұндай ойындарға қызығушылығы қатты байқалады екен. Нақтырақ айтсақ, осы уақытта өз ортасынан бөлек жүретін балалар компьютерлік ойындардың тұтқынына айналып кете барады. Бұлардың айтқанын қылып, атмосфера жасап берсеңіз, тіпті ізінен кетеді. Ал былайғы уақытта компьютерлік клубтарды жағалауы мүмкін. Осыдан соң оған қатты әуестеніп, бар уақытын компьютер алдында өткізуі жазап емес. Әуестіктің салдары сол, достарымен араласпай, адамдармен қарым-қатынасы қиындай түседі.

Бүгінде қалада компьютерлік клубтар өте көп. Бұған «Plastation»-ды қосыңыз. Ондай клубтарға жиі баратын балалар сабағын да ұмытып, ата-ана қаржысын далаға шашады. Арнайы желі арқылы ойын қызығына түскен олар бірін-бірі жеңіп шыққанша тапжылмайды. Тіпті ойынға белгілі бір ұтыс тігіп пайдаға кенелетіндер бар. Ал ойынқұмар баланың сабаққа құлшынысы болмайтыны анық.

Сондай клубтарға кіре қалсаңыз, бірден 5-6 сағатқа жалға алып жатқанын көресіз. Оның психологиялық әсерінен бөлек, көздің де жұмысын нашарлататынын ата-ана ойлауы тиіс. Қазір осы ойындардың әсерінен көзілдірік киетін жастар жылдан-жылға артып барады.

Тағы бір мәселе. Ғалымдар ғалмтор пайдаланушылардың 10 пайызына нақты ғалмторға тәуелділер деп медициналық диагноз қоюға болатынын алға тарталды. Сонымен қоса, жасөспірімдер мен балалардың құмартуына жол бермеудің маңыздылығына тоқталады. Расында, қоғам бұл мәселеге бей-жай қарамау керек.

Кейінгі 10 жылда компьютерлік ойындардың зияны туралы айтылып-ақ келеді. Алайда, бұған мән беріп жатқан ата-ана жоқ. Керісінше, күн өткен сайын балалардың аталған ойындарға деген тәуелділігі асқынып барады. Енді шындал балалар денсаулығын қорғайтын кез келді. Себебі ұзақ уақыт тапжылмай көгілдір экран алдында отыру — баланың ой-өрісінің дамуын шектеп, мінез-құлқының өзгеруіне әсер етпек.



ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШ КОНСТРУКТОРЫ

Қазақта ғарышқа көтерілген қаһармандар санаулы ғана, ал өзі көкке көтерілмесе де арманы ғарышқа жеткен тағы бір жерлесіміз бар. Ол – академик В.Бармин атындағы Бас конструкторлық бюрода қызмет еткен, «Буран» ғарыштық жүк кемесін ұшыруға қатысқан, құрастырушы жерлесіміз Оңғарбай Қазыбаев.



Оңғарбай 1940 жылы Арал ауданының теңіз жағасындағы Қарашалаң ауылында дүниеге келген. Әкесі Қазыбай қуғын-сүргін жылдары марқұм болған ауылдасының жаназасын шығарамын деп, жала жабылып айдалып кете барған. Содан соғыс басталғанда майданға аттанып, іште қалған перзентін көре алмай жат жерде қаза табады. Анасы Рысжан үш қызы мен жалғыз ұлды жетілдіріп, ауыр жылдардың тауқыметін көтеріп ғұмыр кешті.

— Ініміз Қарашалаңдағы бастауыш мектепті екі-үш жылда бітірді. Зерек болғаны сондай, бір жылда екі сыныпты бірден оқып, Бөгендегі орта мектепке келгенде орыс класына қабылданды. Ол кезде поселкеде орыс, көріс, қалмақ, т.б. ұлттар көп болғандықтан, олардың орта мектебі бар еді. Басқа балалар оқи алмай қалғанда Оңғарбай білім ұясын үздік бітірді, — дейді Тасбөгет кентінде тұратын 85 жастағы апасы Зұлпат Қазыбаева.

Жетім баланың қолы қысқалық жасап үлкен қалаға жоғары оқу орнына бара алмады. Бірақ, көршідегі Қазалы теміржол училищесін тепловоз машинисінің көмекшісі мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітіреді. Талапты жігіт 1959 жылы жолдамамен Теміртауға, жастар құрылысына жіберіледі.

Бірде газеттен Алматыда Мәскеудің Бауман атындағы жоғары техникалық училищесін құжат қабылданады деген хабарландыруға көзі түседі. Дерек мектептің үздік аттестаты мен училищенің қызыл дипломын қабылдау комиссиясына салып жібереді. Біршама уақыттан соң Алматыға барып, емтихан тапсырады. Сөйтіп, Орта Азия елдерінен келген 24 шәкірттің арасынан атакты училищеге қабылданған 6 шәкірттің бірі болды. «Сабақты ине сәтім» дегендей, сырттай оқуына көмектескен бір азамат оның жолына қаржылай жәрдем бергенін айтып күліп отыратын.

Көк теңіздің жағасында толқын қуып өскен талантты жастың Одақ астанасындағы жана өмірі басталады. Бауман атындағы жоғары техникалық училище әлемге белгілі оқу орындарының бірі саналады. Білім ордасынан еліміздің ғылым мен техника саласына танымал талай қайраткер тәрбиеленіп шыққан. Осындай оқу орнында үздік оқыған Оңғарбай ракетта техникасы саласының маманы болып шығады. Жас жігіттің болашағына зор үміт артқан академик В.Бармин өзінің конструкторлық бюросына қызметке шақырады. Ол космонавтика атасы, академик Королевтің орынбасары болатын. Күрделі де қауіпті саналатын қызметі құпия болғанымен,

Кенес одағы олардың жетістіктерімен әлем алдында көшбасшы ғарыштық державаға айналды.

Жерлесіміздің қызметін білу үшін алдымен академиктің өзімен танысқанымыз дұрыс. Владимир Петрович — даңқты кенес ғалымы, зымырандық-ғарыштық және әскери ұшу кешендерінің негізін қалаушы конструктор. Академиктің өмірін «Қатюшадан» «Буранға» дейін деп әсерлі бейнелейді екен.

Ғарыш кемелерін ракетта технологиясынсыз елестету мүмкін емес еді, олар құлды қанатсыз құстай сезілетін. Мұның жарқын көрінісі «Буран» көп мақсатты жүк кемесін ұшырғанда айқын байқалады. Сексенінші жылдардың басында АҚШ пен КСРО арасында бәсекелестік қызып, алдымен америкалықтар «Шаттл» жүк тасымалы кемесін орбитаға шығарды. Бұл кезде біздің елімізде «Буран» жүк кемесі дайындалып жатқан болатын. Бұл бағдарлама мыңдаған кәсіпорындардың тартылуы оның ауқымды бағдарлама болғанын көрсетеді. Жана технологиямен жасалып, «суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын» жұқалығы шүберектей тактайшалармен қапталған кемелің бірнеше нұсқасы таңдалды. Жүк кемесін алып самолеттің арқасына қонжытып Байқонырға әкеліп, 1988 жылы 15 қарашада ғарышқа ұшырылды. Қорабьдің ұзындығы 34, биіктігі 16 метрден асатын және 100 тоннаға дейін жүк көтеруге қауқарлы еді. Ұшқышсыз басқарылып, толық автоматтандырылған «Буран» ғарышта 3 сағаттан астам болып, Байқонырдың «Юбилейный» аэродромына сәтті қонды. Бұл космос саласындағы әлемдік жаңалық еді. Ғалымдар ғарыш кемесіне зымыран технологиясы саласындағы соңғы жетістіктер пайдаланылғанын, көршілерге қарағанда оның көптеген артықшылықтары болғанын айрықша атап өтті. Өкінішке орай, «Шаттлдың» екінші сапары қайғылы аяқталып, кеме көкке көтерілмей жатып ішіндегі астроновтармен бірге жанып кетті. Мұнан кейін екі елдің бұл саладағы бәсекелестігі бәсеңдей басталды және Кенес одағының ыдырауына да көп уақыт қалған жоқ еді... Әлемді таңғалдырған осынау алып кеме содан бері қазак жерінде қалып қойды.

«Буран» кемесін құрастырып, ұшыруға қатысқан жерлесіміз О.Қазыбаев оны өмірінің үлкен белесі екенін мақтанышпен еске алып отырған. Конструктор ғарышпен бірге қорғаныс өнеркәсібінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырған. Әскери зымыран қондырғыларын бронды танкіге орнатуға ерен еңбегі үшін Патон атындағы медальмен марапатталған санаулы мамандардың бірі еді.

Қызметі құпия, сөзге сараң Оңғарбайдың елге келгенде әңгімеге тартқан жиені, шалқарлық Бекділда Әжіғалиев оның қызметінде төтенше жағдайларға талай тап болғанын айтады.

Құпия демекші, төрт-бес жылда туған жеріне бір соғатын Оңғарбай ағамыз келген сайын тиісті орындарға тіркеледі екен. 1949 жылы Сталин атом саласы мамандарына ұшақпен ұшуға тыйым салып, тек поезбен, көлікпен жүруге және барған жерінде міндетті тіркеліп отыруға жарлық берген. Осы бұйрық ғарыш саласы мамандарына да таратылған болу керек.

Соғыс пен ауыртпалықты, тағдыр тауқыметін көрген Рысжан ағамыздың «балам оқуын бітіріп келсе, үйлендіріп, келін жұмсап, қолымды жылы суға салармын» деген арманы бар еді. Бірақ кара балаға дәм-түз сонау Мәскеуден, оның іргесіндегі Жуковск қаласынан бұйырды. Бауман училищесінде өзін емдеген дәрігердің қызы Райсамен танысып, екі жастың арасында махаббат оянып, жарасымды шаңырақ құрды. Райса Васильевнамен екеуі Ирина, Максим есімді ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

Ол өте бауырмал болатын. Ауылдағы апалары Қымбат, Салиха, Зұлпатпен хабарын үзбей, інісі Байнашты «Алматы-Мәскеу» пойызына жоерік қызметіне орналастырып, ауылға сәлемдемесін жеткізіп тұрған. Жездесі Әжіғалидың майданда әкесімен қалай кездескенін тәптіштеп сұрап отыратын. Кейін өзі сұрау салу негізінде «Жауынгер Қазыбай Үдербаев Сталинград түбінде қаза тапты» деген тілдей анықтама алды қолына.

Одақ ыдыраған жылдары Казекен елге қайтуға ниеттеніп, Қазақстан елшілігіне де барған. Олар Қарағанды металлургия комбинатынан қызмет ұсынғанда, отбасы жылы орындарын суытқысы келмей көшудің сәті түспепті. 1994 жылы жаңадан құрылған «Мясисев-Техсервис» ААҚ О.Қазыбаевты Бас конструктордың орынбасары қызметіне тағайындайды. Міне, осында өзінің сүйікті мамандығымен айналысып, көптеген ғарыштық және әскери жобаларды жүзеге асыруға қатысты. Жерлесіміз біздің ғарышкерлермен достық қарым-қатынаста болған.

Қайсар ағамыз өткен жылы ақпанда дүние салды. Саналы ғұмырын әлемдегі озық салаға арнап, көк аспанға қолы жетпесе де ойы, арманы жеткен, қазақтан шыққан тұңғыш ғарыш конструкторы Оңғарбай Қазыбаевтың есімін жас ұрпақ білуі керек.

Жұматәлі ӘБДІРАМАН, жазушы-журналист

БӘРЕКЕЛДІ!

Қазалы ауданы, М.Матаев атындағы №170 орта мектебінің 7 сынып оқушысы Гүлназ Жеңісбекқызы Астана қаласында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен ZOOM платформасы арқылы өткізілген «Шәкәрім оқулары» байқауында бақ сынап, жартылай финалға шыққан болатын.

ШӘКӘРІМТАНУШЫ ШӘКІРТ



Ал 27 наурызда Астана қаласында офлайн түрінде өткізілген ақтық сайыста жүлделі 2 орынды иеленіп, Сыр бойының абыройын қорғап шықты. Шәкәрімтанушы шәкірт «Абай» атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қоры атынан «М.Әуезов – 125 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Айта кетейік, осыған дейін Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай өткен «Шәкәрім оқулары» байқауында қала және аудан мектептерінен қатысқан 187 баланың 9-ы іріктеліп, бақ сынаған еді. Олардың барлығы ақын өлеңдерін жатқа оқып, өмірбаянымен таныс екенін байқатты. Шарт бойынша сынға түскен үміткерлерге ақынның таңдалып алынған прозалық шығармаларын мәнгерлеп оқу және кез келген жерінен жалғастырып әкету, сондай-ақ, өмірі

мен шығармашылығына арналған сұрақтарға жауап беру, берілген өлең шумақтарын талдап, мән-мағынасын түсіндіру талабы қойылды.

Қорқыт ата университеті профессорлары Ұ.Жанбершиева, А.Айтбаева және ақын, журналист Ғ.Әбілдаева қазылық еткен байқау қорытындысымен бас жүлдені Қазалы ауданының М.Матаев атындағы №170 орта мектебінің 7 сынып оқушысы Гүлназ Жеңісбекқызы, 1-орынды Қызылорда қаласы №43 Ж.Махамбетов атындағы орта мектебінің 7 сынып оқушысы Сезім Асқарқызы, 2-орынды Жанақорған ауданы, Қыраш ауылының №180 мектебінің 7 сынып оқушысы Шұғыла Әмірбаянымен таныс екенін байқатты. Шарт бойынша сынға түскен үміткерлерге ақынның таңдалып алынған прозалық шығармаларын мәнгерлеп оқу және кез келген жерінен жалғастырып әкету, сондай-ақ, өмірі

«СБ» ақпарат

Тіл үйренем десеңіз...

Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚР аумақтарында «Тілдерді оқыту орталықтары» ашылды. Қызылорда облысында 2008 жылдың 14 сәуірінде «Тілдерді оқытудың өнірлік орталығы» құрылып, өз жұмысын бастады. 2016 жылдың 30 маусымында облыс әкімінің №509 қаулысымен Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ болып қайта құрылды. Бүгінгі таңда Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ болып жұмыс істейтін орталықтың мақсаты — мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында мемлекеттік тілді және орыс, ағылшын тілдерін оқыту, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

Орталық мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі қызметтерді жүзеге асырады:

- Мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер, кәсіпорындар мен басқа да ұйымдар қызметкерлеріне, сонымен қатар жеке тұлғаларға мемлекеттік тілді

және орыс, ағылшын тілдерін оқытады;

- «Мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту», «Сөйлеу мәдениеті», «Қазақтілді кәсіпкер» курстарын жүргізеді.

- Тіл үйренушілердің тілдері белгілі бір деңгейде қиындықсыз мәнгеруі үшін қажетті оқулықтармен, оқу-әдістемелік және көмекші оқу-құралдармен, сөздіктермен қамтамасыз етеді және әзірлейді;

- Тілдерді дамыту мақсатында семинарлар, семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер, байқаулар, форумдар, конференциялар, фестивалдар және тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырады.

- Тілдерді оқыту курсы бітірген тіл үйренушілерге сертификат береді. Мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері, ұлттық компания, магистратура, докторантураға үміткерлер үшін «Қазтест» жүйесі негізінде лайындық курстарын жүргізеді.

Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ Қызылорда қаласы Әйтеке би №2, «Білім үйі» ғимаратының 3-қабатында орналасқан. Байланыс телефондары: 8 771 131 09 50, 70-06-81.

Көшеттің күтімі

Түркістаннан әкелінген жеміс ағаштарының түр-түрі базарға барсаңыз самсап тұр. Жасыл желекке қарап сүйсінесің.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Жылдағы дәстүр бойынша қалалықтар өздеріне қажетті көшеттерді жаппай сатып алып жатыр. Ондағы ойы аула алдына отырғызып, көктету деген ниет.

Алма, алмұрт, жүзім, өрік, шабдалы секілді жеміс ағаштарының бәрі бар. Тек тағамына қарай таңдап ала бересің.

— Көктемде отырғызылған көшеттер көп күтімді қажет етеді. Осы жұмысты ұзақ уақыттан бері дағдыға айналдырып келе жатырмын. Сондықтан мұның сырына қанықпын деп айта аламын. Көшетті баладай баптап, қариядай күте білсең, жемісін жейсің. Еңбек жеміссіз қалдырмайды. Ағаш көшеттерін көктемде ерте отырғызу ке-



рек. Оның ішінде жеміс ағаштарын отырғызу үшін бұл — ең ыңғайлы мезгіл. Жердің құнарлығына да аса мән берген абзал. Қашан күші алып кеткенше қарап тұру керек, — дейді Зумұрат Садыкова есімді сатушы бізбен әңгімесінде.

Көшеттердің сатылым бағасы 700-3000 теңге аралығында. Сонымен қатар гүлдер мен түрлі өсімдіктерді де кездестіруге болады.

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Жарамсыз деп есептелсін

Туяқбаев Жасулан Нурқожаевичтің атына Қызылорда облысы Полиция департаментінің 2018 жылы берілген №12720 (бланк серия №000167) қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат, қоғамдық кеңес пен ардагерлер кеңесі белгілі жырау, Мәдениет саласының үздігі Арнұр Көпнейдің мезгілсіз дүниеден өтуіне орай марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы белгілі жырау, Мәдениет саласының үздігі Арнұр Көпнейдің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.